information about absenteeism and lateness to work on the days of Eid. From the information received it is clear that in Karaganda there were 27 cases of absenteeism and lateness to work, including five cases in the mine named after Kostenko and three cases in mine No. 31. In the collective farm of Enbek (South Kazakhstan region) on the first day of Eid-al-Adha no one was working in the collective farm fields (everyone was celebrating), in the collective farm of Yntaly (South Kazakhstan region) only 45 out of 90 people were working in the collective farm fields until 12 noon. In the collective farms of the Shaulder district (South Kazakhstan region) only 700 out of 2,825 people were at work, in the collective farms of the Chayanovsk district (South Kazakhstan region) only 983 out of 2,496 people went to work [15; 66-67].

### Conclusion

In this way, religious policy and anti-religious propaganda in Kazakhstan, especially in the south of Kazakhstan, affected every Soviet family and certainly played a negative role in the spiritual development of society, but religion continued to play an important role in the everyday life of the southern Kazakhs, without being driven out of the sphere of everyday life. In the mentality of Soviet Kazakhs and in Kazakh family traditions, Muslim customs and pre-Islamic beliefs were strangely and peacefully combined with the Soviet way of life.

In terms of whether the Communist Party's decade-long campaign to suppress pilgrimages to Islamic shrines was successful, it can be argued that it did not achieve its aims. Although the Bolsheviks limited the number of pilgrims, they did not succeed in eradicating the phenomenon. The creation of a totally atheist society, which the Bolsheviks dreamed of, did not take place. Even between 1958 and 1964, when attacks and agitation against holy places reached a significant level, the number of pilgrims decreased, but did not stop. And even after Khrushchev left office, the number of pilgrims continued to increase every year.

During the war and the post-war period, the struggle against religion continued with varying degrees of activity. The period of N.S. Khrushchev was marked by an intensification of the anti-religious struggle. It is known that the construction of mosques in Kazakhstan was stopped in the early 1960s. At the turn of the 80s and 90s, a period of ethnic revival, revival of old traditions and customs, including religious ones, began on the territory of Kazakhstan.

### References

- 1 ЦГА РК. — Ф. 789. — Оп. 1. — Д. 29. — Л. 52.
- 2 Абдусамедов А.И. Ислам в СССР. Особенности процесса секуляризации в республиках Советского Востока / А.И. Абдусамедов, И.Ш. Алискеров, А.А. Артыков, Э.Г. Филимонов. — М.: Мысль, 1983. — 173 с.
- 3 Ауанасова Б.М. История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941–1991 гг.): дис. ... канд. ист. наук / Б.М. Ауанасова. — Уральск, 2007. — 135 с.
- 4 Султангалиева А.К. Ислам в Казахстане: история. Этничность и общество / А.К. Султангалиева. — Алматы: КИСИ, 1998. — 188 с.
- 5 Мустафаева А.А. Исторический обзор эволюции ислама в советском Казахстане / А.А. Мустафаева // Вестн. Казах. нац. ун-та. Сер. востоковедения. — 2012. — № 3 (60). — С. 31–35.
- 6 Мухтарова Г.Д. Ислам в советском Казахстане (1917–1991 годы): дис. ... д-ра ист. наук / Г.Д. Мухтарова. — Уральск, 2007. — 310 с.
- 7 Мустафина Р.М. Представления, культуры, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX–XX веков) / Р.М. Мустафина. — Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. — 176 с.
- 8 Сактаганова З.Г. Советская модель государственной религиозной политики в Казахстане и религиозная повседневность казахстанцев во второй половине XX в. / З.Г. Сактаганова // История повседневности. — 2017. — №1(3). — С. 60–77.
- 9 Одинцов М.И. Государственно-церковные отношения в России (на материалах отечественной истории XX века): дис. ... в виде доклада д-ра ист. наук / М.И. Одинцов. — М.: РАГС, 1996. — 50 с.
- 10 Жолдасұлы Т. Кеңестік Қазақстандағы исламдық қасиетті жерлер: атеистік шабуыл мен үгіт-насихат / Т. Жолдасұлы, Г.Н. Байжанова // Отан тарихы. — 2024. — № 27 (2). — Б. 328–346.
- 11 Султангалиева А.К. Ислам в Казахстане: история. Этничность и общество / А.К. Султангалиева. — Алматы: КИСИ, 1998. — 188 с.
- 12 Ислам и советское государство (1944–1990): сб. док. — Вып. 3 / сост. Д.Ю. Арапов. — М.: Изд. дом Марджани, 2011. — 528 с.
- 13 Бенигсен А. Мусульмане в СССР / А. Бенигсен. — Казань: Иман, 1999. — 84 с.
- 14 Религиозные объединения в Казахстане: Справоч. — Астана: МЦКР КДР МКС РК, 2015. — 42 с.
- 15 АП РК. — Ф. 708. — Оп. 5/1. — Д. 617.

Е.Е. Жақсылық, Сейфеттин Ершаһин

## XX ғ. 40-80 жылдарындағы Оңтүстік Қазақстандағы Кеңес үкіметінің діни саясатының тарихы

Мақалада зерттеудің нысанына XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы Қазақстандағы, соның ішінде Оңтүстік Қазақстандағы Кеңес үкіметінің дін саласындағы саясаты алынған. Бұл кезеңде Қазақстанда дінге қарсы саясат қатаңдап және қарсы күрес белсенді жүре бастаған болатын. Осыған байланысты, мақалада Кеңес мемлекетінің діни саясатының заңнамалық негізіне, дінге қарсы күресінің түрлері мен әдістеріне назар аударылған, Оңтүстік Қазақстанның күнделікті өміріндегі исламның рөлі мен дінге қатысты жағдайы қарастырылған. Авторлар мұсылмандық «киелі орындарға» қажылықты тоқтатуға, қажылар мен қажылықты ұйымдастырушыларды жауапкершілікке тартуға, тиісті контексте ғылыми-атеистік жұмысты жандандыруға, «киелі орындарды» шаруашылық қажеттіліктерге айналдыруға байланысты мемлекет саясатының маңызды бағытын талдайды. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың қарсылығына карамастан, Оңтүстік Қазақстанда қаралып отырған кезеңде діндарлардың үлесі айтарлықтай болғанын атап өтілген. Кеңес өкіметінің исламға қатысты қатаң бағыты Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының өздерінің діни принциптері мен ұлттық мәдени құндылықтарын ұстануына кедергі болмады деген қорытынды жасалған.

*Кілт сөздер:* Кеңес Одағы, діни саясат, дін, ислам, Оңтүстік Қазақстан, «киелі орындар», тәу ету, дінге қарсы күрес.

Е.Е. Жақсылық, Сейфеттин Ершаһин

## История религиозной политики Советской власти в Южном Казахстане в 40–80-е годы XX века

В статье объектом изучения стала религиозная политика Советской власти, осуществлявшаяся в Казахстане, в частности на юге страны в 40–80-е годы XX века. В Казахстане в эти годы происходят ужесточение антирелигиозной политики и активизация антирелигиозной борьбы. В связи с этим в статье акцентируется внимание на законодательной базе религиозной политики Советского государства, формах и методах антирелигиозной борьбы, рассматриваются религиозная ситуация и роль ислама в повседневной жизни Южного Казахстана. Авторами проанализировано важнейшее направление политики государства, связанное с прекращением паломничества к мусульманским «святым местам», привлечение к ответственности паломников и организаторов паломничества, активизация научно-атеистической работы в соответствующем контексте, переоборудование «святых мест» под хозяйственные нужды и т.д. Сделан вывод о том, что, несмотря на противодействие государственных органов, доля верующих в рассматриваемый период в Южном Казахстане была значительной, жесткий курс Советской власти в отношении ислама не помешал жителям Южного Казахстана придерживаться своих религиозных принципов и национальных культурных ценностей.

*Ключевые слова:* Советский Союз, религиозная политика, религия, ислам, Южный Казахстан, «святые места», паломничество, антирелигиозная борьба.

### References

- 1 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 789. — Op 1. — D. 29. — L. 52 [in Russian].
- 2 Abdusamedov, A.I., Aliskerov, I.Sh., Artykov, A.A., & Filimonov, E.G. (1983). Islam v SSSR. Osobnosti protsessa sekularizatsii v respublikakh Sovetskogo Vostoka [Islam in the USSR. Features of the Process of Secularization in the Republics of the Soviet East]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 3 Auanasova, B.M. (2007). Istoriiia evoliutsii religioznykh otnoshenii v Kazakhstane (na primere islama 1941–1991 gg.) [History of the evolution of religious relations in Kazakhstan (on the example of Islam 1941–1991)]. *Candidate's thesis*. Uralsk [in Russian].
- 4 Sultangalieva, A.K. (1998). *Islam v Kazakhstane: istoriia. Etnichnost i obshchestvo* [Islam in Kazakhstan: History. Ethnicity and society]. Almaty: KISI [in Russian].
- 5 Mustafaeva, A.A. (2012). Istoricheskii obzor evoliutsii islama v sovetskom Kazakhstane [Historical review of the evolution of Islam in Soviet Kazakhstan]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta. Seriiia vostokovedeniia — Bulletin of Kazakh National University. Series of Oriental Studies*, 3(60), 31–35 [in Russian].

6 Mukhtarova, G.D. (2007). Islam v sovetskom Kazakhstane (1917–1991 gody) [Islam in Soviet Kazakhstan (1917–1991 years)]. *Candidate's thesis*. Uralsk [in Russian].

7 Mustafina, R.M. (1992). *Predstavleniia, kultury, obriady u kazakhov (v kontekste bytovogo islama v Yuzhnom Kazakhstane v kontse XIX–XX vekov) [Representations, cultures, rites at Kazakhs (in the context of everyday Islam in South Kazakhstan at the end of XIX–XX centuries)]*. Alma-Ata: Qazaq universiteti [in Russian].

8 Saktaganova, Z.G. (2017). Sovetskaia model gosudarstvennoi religioznoi politiki v Kazakhstane i religioznaia povsednevnost kazakhstantsev vo vtoroi polovine XX v. [Soviet model of state religious policy in Kazakhstan and religious everyday life of Kazakhs in the second half of the twentieth century]. *Istoriia povsednevnosti — History of everyday life*, 1(3), 60–77 [in Russian].

9 Odintsov, M.I. (1996). Gosudarstvenno-tserkovnye otnosheniia v Rossii (na materialakh otechestvennoi istorii XX veka) [State-church relations in Russia (on the materials of domestic history of the twentieth century)]. *Candidate's thesis*. Moscow: RAGS [in Russian].

10 Zholdasuly, T., & Baizhanova, G.N. (2024). Kenestik Qazaqstandagy islamdyq qasietti zherler: ateistik shabuyl men ugitanasikhat [Islamic holy places in Soviet Kazakhstan: atheist attack and propaganda]. *Otan tarikhy — History of the homeland*, 27 (2), 328–346 [in Kazakh].

11 Sultangalieva, A.K. (1998). *Islam v Kazakhstane: istoriia. Etnichnost i obshchestvo [Islam in Kazakhstan: History. Ethnicity and society]*. Almaty: KISI [in Russian].

12 Arapov, D.Yu. (Comp.). (2011). *Islam i sovetskoe gosudarstvo (1944–1990): sbornik dokumentov [Islam and the Soviet state (1944–1990): collection of documents]*. Moscow: Izdatelskii dom Mardzhani, 3 [in Russian].

13 Benigsen, A. (1999). *Musulmane v SSSR [Muslims in the USSR]*. Kazan: Iman [in Russian].

14 (2015). *Religioznye obedineniia v Kazakhstane: Spravochnik [Religious associations in Kazakhstan: Handbook]*. Astana: MTsKR KDR MKS RK [in Russian].

15 AP RK [Archive of the President of Republic of Kazakhstan]. F. 08. Op. 5/1. D. 617 [in Russian].

### Information about the authors

**Zhaksylyk Yerlan** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0002-8378-7712>

**Seyfettin Ershahin** — Doctor of history sciences, professor of the Department of Islamic history and Art, Ankara University, Ankara, Turkey; <https://orcid.org/0000-0003-2551-9629>

Т. Жолдасұлы <sup>1\*</sup>, К.Т. Бодеев <sup>2</sup>

<sup>1</sup> Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан;  
<sup>2</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: zholdassuly2018@gmail.com; bodeev-78@mail.ru)

## Атеизмнің Қазақстандағы киелі орындарға ықпалы: Қызылорда облысы мысалында (1960-1980 жж.)

Мақалада 1960-1980 жылдар аралығындағы большевиктердің исламдық қасиетті жерлерге қатысты ұстанымы мен әрекеті Қызылорда облысындағы қасиетті орындар мысалында қарастырылады. Негізгі идеологиясының бірі атеизм болған большевиктер жаңа кеңестік қоғам құруды көздеді. Бұл жолда оларға ең үлкен кедергінің бірі мұсылман халықтардың діні мен дәстүрі болды. Орталық Азияда бұрыннан әулиелердің кесенелерін қасиетті санау, зиярат ету дәстүрі бар еді. Орталық Азия халқы үшін қасиетті саналатын әрі Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен мұсылмандар келіп зиярат ететін Ахмет Яссауи кесенесі секілді қасиетті жерлер көп болды. Осындай діни дәстүр мен қасиетті жерлер, дінді жойғысы келген большевиктерді қатты алаңдатты. Осылайша кеңестік билік Сыр бойындағы халықтың қасиетті жерлерге бару дәстүріне қарсы күресін үдетті. Қасиетті жерлерге қарсы үгіт-насихат күшейтілді. Большевиктер үгіт-насихат арқылы қасиетті жерлердің мүлде қасиетті емес екенін дәлелдеуге тырысты. Үгіт-насихат әулиелердің кесенесіне ғана емес, кесенеден жерленген әулиелердің культіне де қарсы жүргізілді. Сонымен қатар, қасиетті жерлерге қарсы коммунистік партияның қабылдаған шешімімен бірге жергілікті мұсылмандардың Діни басқармасының пәтуасы да қолданылды. Мақалада кеңестік биліктің Қызылордадағы қасиетті жерлерге қарсы осындай атеистік ұстанымдары архив деректері негізінде қарастырылып, талданатын болады. Атеистік идеология жағдайында большевиктер исламдық қасиетті жерлерге қатысты нақты қандай шешімдер қабылдап, қандай әрекеттер жасады және көздеген мақсатына жете алды ма деген мәселелерге жауап іздеу зерттеудің мақсаты мен міндетін құрайды.

*Кілт сөздер:* Кеңес Одағы, Қазақстан, Қызылорда, діни басқарма, коммунизм, атеизм, ислам, мұсылмандар, қасиетті жер, кесене.

### *Кіріспе*

Кеңес Одағы тарихында негізгі идеологиялардың бірі атеизм болғаны белгілі. Кеңес үкіметі үшін дін, діни түсінік және діни дәстүрлер ескіліктің қалдығы, ал дінбасылар қанаушы тап болып саналды. Сондықтан жаңа кеңестік қоғам құру үшін большевиктерге дінді, діни дәстүрлер мен түсініктерді жою керек болды. Бірақ кеңестер билікке келгеннен кейін исламға бірден шабуыл жасаған жоқ. Белгілі бір саяси жағдайларға байланысты 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі он жыл ішінде мұсылмандардың дініне тікелей шабуыл болған жоқ деуге болады. Өйткені ол кезде кеңестер мұсылман халықтары мен мұсылман дінбасыларының қолдауына мұқтаж болатын. Бірақ, ол кезде кеңестер өте мұқият әрекет ете отырып, біртіндеп дінге қарсы үгіт-насихаттың негізін қалауға кірісті. Кейін дінге тікелей шабуыл басталып, жаппай үгіт-насихат күшейтілді.

Мұсылман дінбасыларына саяси қысым жасалды және діни білім беруге тыйым салынып, діни мектептер мен медреселер жабылды. Мешіттер де жаппай жабылып жатты және соған байланысты мұсылмандардың ғибадат жасауы, діни рәсімдер мен діни дәстүрлерін орындауы қауіпті жағдайға айналды. Сонымен қатар большевиктер Орталық Азияда үлкен үгіт-насихат жүргізу арқылы сопылық дәстүрлерді жою көздеді. Орталық Азия халықтарының жойылуы керек болған үлкен дәстүрдің бірі әулиелердің кесенелері мен қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүрі. Орталық Азияда қасиетті жерлер көп еді, ал олардың ішіндегі ең үлкені әйгілі Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі болатын. Қазақтар үшін «Екінші Мекке» саналатын Ахмет Яссауи кесенесіне жыл сайын зияратшылардың көп келетіні кеңестік билікті қатты алаңдатты. Осылайша компартия, мемлекет тарапынан құрылған Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (САДУМ) пәтуасы арқылы кесенелердің мұсылмандар тарапынан зиярат етілуіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [zholdassuly2018@gmail.com](mailto:zholdassuly2018@gmail.com)



*Зерттеу әдістері*

Тақырыпты зерттеу барысында Ресейлік жарияланған архив құжаттарымен бірге негізінен Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің (ҚОМА) Р-808-қорындағы (КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қызылорда облыстық дін істері жөніндегі уәкілетті кеңес) материалдар (есептер, шешімдер, хаттамалар) қолданылды. Кеңестік Қазақстандағы исламдық қасиетті жерлердің тарихы мен жағдайы, 1960-1980 жылдар аралығындағы Сыр өңіріндегі қасиетті жерлердің саны, оларға байланысты мемлекеттік және партиялық шешімдер мен мемлекеттің кесенелердің сенушілер тарапынан зиярат етілуін тоқтату әрекеттері архиві деректері арқылы берілді.

Бұл архив құжаттарының барлығы атеистік идеология үстемдік еткен Кеңес Одағының мемлекеттік және партиялық құжаттары екендігін естен шығарылмады. Соған байланысты деректерді өңдеу барысында құжаттардың шынайылығын анықтау, талдау, салыстыру және сипаттау зерттеу әдістері қолданылды. Кеңестік Қазақстандағы исламдық қасиетті жерлерге байланысты мемлекеттің атеистік ұстанымдарының себептерін, барысы мен нәтижесін зерттеу барысында, тарихи деректерді, оқиғаларды талдауда тарихи объективтілік принципі басшылыққа алынды. Хронологиялық, салыстыру және логикалық ой қорыту әдістері арқылы кеңестік кезеңдегі исламдық саясаттың әр кезеңде әртүрлі болғандығы хронологиялық тұрғыда баяндалып, компартияның әртүрлі кезеңдердегі кесенелерге қатысты қатаң және жұмсақ ұстанымдары салыстырылып, қасиетті жерлерге бағытталған атеистік шабуылдың нәтижелері талданды. Сонымен бірге, тарих ғылымындағы тарихилық, жинақтау, жүйелеу, бірізділік, нақтылық, қорыту секілді әдістер мен тәсілдер қолданылды.

*Талқылау*

Зерттеу барысында кеңестік (С.М. Демидов, Л.И. Климович, Г.Р. Балтанова, П.С. Кривошеев), ресейлік (В.А. Ахмадуллин, Д.Ю. Арапов), батыстық (Ш. Келлер, П. Сартори, Е. Тасар, Дж. Еден, С. Ершахин), қазақстандық (Н. Нуртазина, Ю.А. Ёлгин, Т. Жолдасұлы, А.Р. Хазбулатов) және өзбекстандық (Б. Бабаджанов, А.М. Салмонов) ғалымдардың еңбектері қолданылды. Бұлардың ішінде атеистік идеологияның үстемдігінде өмір сүрген кеңестік ғалымдардың еңбектерінде мәселеге қатысты объективтік тұрғыда тұжырым жасалмағаны белгілі. Себебі С.М. Демидов, Л.И. Климович секілді ғалымдар мемлекеттің дінге қарсы атеистік үгіт-насихатына қатыстырылды. Бірақ атеизм үстемдік құрған қоғамда жазылған олардың еңбектерінен кеңестік биліктің исламдық қасиетті жерлердің зиярат етілуіне қатысты теріс көзқарасы мен саясаты туралы жан-жақты дерек алуға болады. Кеңес Одағы тарағаннан кейін Ресейде де, Орталық Азия елдерінде атеистік көзқарастан бейтарап жазылған еңбектер жарық көре бастады. Мысалы, ресейлік ғалымдардан кеңестік ислам саласында негізінен Ресей архив деректері негізінде сапалы зерттеулерімен танылған В.А. Ахмадуллин мен Д.Ю. Араповтың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар, тарихшы Н. Нуртазинаның кеңестік Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы исламға қарсы шабуыл туралы, Т. Жолдасұлының компартия мен САДУМ-ның қазақ жеріндегі исламдық қасиетті жерлерге, сопылық дәстүрлерге бағытталған саясаты жөнінде А.Р. Хазбулатовтың, Ю.А. Ёлгиннің атеистік шабуылға ұшыраған Ахмет Яссауи кесенесіне қатысты зерттеулері мен Ш. Келлер, П. Сартори, Е. Тасар, Б. Бабаджанов, А.М. Салмонов секілді ғалымдардың кеңестік Өзбекстандағы мұсылмандардың діни өмірі, исламдық қасиетті жер мен діни дәстүрлерге байланысты еңбектері пайдаланылды. Зерттеу тақырыбына қатысты аталған еңбектердегі әртүрлі деректер мен тұжырымдарды салыстыру мәселені жан-жақты қарастырып, талдауға мүмкіндік берді.

1918-1928 жылдар аралығында большевиктер мұсылмандардың қолдауына мұқтаж еді, сол себептен де исламға төзімділік танытуға мәжбүр болды. Осылайша большевиктер ислам әлемінің қолдауына ие болу үшін Кеңес Одағындағы мұсылмандарды саяси мақсатта қолданды. Салыстырмалы түрде сол жылдардағы исламның жағдайы орыс православие шіркеуінен жақсырақ болғанын да айта кету қажет [1; 53-56]. Сонымен бірге сол кезеңде кеңестік дінге қарсы үгіт-насихат ұйымдары мен баспасөзі де біртіндеп қалыптаса бастады. Ал, 1929-1941 жылдары Кеңес Одағында исламға қарсы тікелей шабуыл мен жаппай үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Мешіттер түгелдей жабыла бастады. 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында мемлекет мұсылмандардың ірі сәулет ескерткіштерін тәркілеп, оларды діни мақсатта пайдалануға тыйым салды [2; 178-180]. Аймақта сопы-ишандардың ықпалы да зор болғаны белгілі. Коммунистік партияның шешімімен барлық дін қызметкерлерімен қоса сопылар мен ишандарға қарсы үгіт-насихат жүргізіле бастады және олардың діни әрекеттерін тоқтату туралы шешім қабылданды. Орталық Азияның кейбір

аймақтарында сопылардың зікір ғибадатына да тыйым салынды. Осылайша ишанизмнің/ишандардың беделін түсіру көзделді. Сөйтіп большевиктер ишандар мен дәруіштерге алаяқ, өтірікші деген ат қойды. Коммунист үгітшілер өз дәрістерінде сопылар мен әулиелерге де тоқталып, мүридтері (шәкірттері) бар ишандарды паразит деп атады [2; 122, 128, 159].

Діндарлардың кемсітілуі, ішімдік ішуге, темекі шегуге мәжбүрленетін кездері аз болған жоқ. Кейбір әулиелердің кесенелері қиратылып, құнды дүниелері ол жерден алынып тасталды [3; 14]. Орталық Азияда 1930 жылдардағы дінге қарсы жан-жақты насихаттың негізгі үш тақырыбы болды, яғни: 1. Молдалар, ишандар және басқа да дін өкілдері жұмысшы және шаруа табының жауы ретінде көрсетілді. 2. Ғылыми білім берудің маңыздылығы түсіндірілді. 3. Ислам әйелдерге қысым жасайтын және оларды қанайтын дін ретінде түсіндірілді. Дінбасылар келемежденіп, байлар мен бірге ишандардың да карикатуралары салынды. Дінге қарсы «Безбожник» журналында 1928 жылы қазан айында жарияланған «Ишандар мен мүридтер» атты мақалада сопылар алаяқ деп сипатталды. Үлкен саяси қысымға ұшыраған ишандардың көпшілігі 1937-1938 жылдардағы үлкен тазарту (немесе үлкен террор) жылдарында атылды. Олардың көбі жоғалып кетті, кейбірі қайыршыға айналса, кейбірі қашып жүріп коммунизмге қарсы үгіт-насихат жасады [2; 162-165, 226]. Көріп отырғанымыздай, Кеңес үкіметінің негізгі атеистік үгіт-насихатының бірі жұмысшы табының «жауы» және қанаушы тап ретінде насихатталған сопыларға қарсы жүргізілді. Осылайша, сопылар қатты қысымға ұшырады және олардың рәсімдері қауіпті болды.

1929-1941 жылдардағы дінге қарсы шабуыл жылдарында мешіттер және медреселермен бірге тарихи ескерткіш болған кесенелер, сопы-әулиелердің мазарлары да көп зардап шекті [4; 76]. Мысалы, Қазақстандағы ең үлкен әрі ең көп зиярат етілетін қасиетті жер Қожа Ахмет Яссауи кесенесі еді. Жалпы Ахмет Яссауи кесенесінің салынған күннен бастап Орталық Азиядағы ең танымал және ең көп баратын қасиетті орындардың бірі болғаны белгілі. Тіпті, қазақтар арасында Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне үш рет бару Меккеге зиярат етумен тең деген пікір болған. Бұл Яссауи кесенесін қасиетті жер ретінде жұртшылықтың ерекше құрметтегенін көрсетеді. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін зиярат ету халық арасында «кіші» қажылық саналса, Түркістан «Екінші Мекке» деп аталған еді [5; 116].

1920-1930 жылдары кеңестік кезеңнің басында А.А. Семенов, М.Е. Массон, Н.М. Бачинский сияқты зерттеушілер Ахмет Яссауи бейіті орналасқан кесене кешенін зерттеу үшін тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізді. 1920 жылдары революцияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда Қожа Ахмет Яссауи кесенесін зерттеуде үлкен қадам жасалды. Зерттеуші Ёлгин, Қазақстан сәулет өнері тарихы Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесін зерттеуден басталды деген пікір айтады. Сол жылдары халық тіпті Яссауи кесенесін жөндеуге ақша жинаған. Бірақ 1930 жылы Яссауи кесенесіндегі зерттеу жұмыстары уақытша тоқтатылды [6; 109-127]. Бұл дегеніңіз 1929 жылы басталған дінге қарсы жаппай шабуыл кезеңіне сәйкес келеді. Бірақ алдағы уақытта айтылатынындай, кейін мемлекет қарауына алынған Ахмет Яссауи кесенесінде большевиктер дінге қарсы музей ашуды жоспарлап шешім шығарған.

Екінші дүниежүзілік соғыстың саяси жағдайларына байланысты кеңестік биліктің діни саясаты өзгеріп, сенушілерге салыстырмалы түрде еркіндік берілді. Осылайша соғыстың қиын жағдайында мұсылман халықтарын фашистік Германияға қарсы соғысқа жұмылдыру мақсатында мұсылмандарға діни сенім бостандығы қамтамасыз етілді. Кеңес Одағының мұсылман дінбасылары да Германияға қарсы жихад жариялап, діни ұрандар арқылы мұсылмандар арасында үндеулер таратты. Осылайша, большевиктер дінді саяси мақсатта пайдаланудан тартынбады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кеңес мұсылмандарының жаңадан үш діни басқармасы құрылған еді. Олар: Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (САДУМ), Солтүстік Кавказ мұсылмандары діни басқармасы және Закавказье мұсылмандары діни басқармасы. 1930 жылдары жұмысы тоқтап қалған және орталығы Уфа қаласында орналасқан Ресей мұсылмандары Орталық діни басқармасының да қызметі соғыс жылдарында қайта жандандырылып, ол 1948 жылы КСРО және Сібірдің Еуропалық бөлігіндегі мұсылмандардың діни басқармасы болып қайта құрылды. Бұл діни басқармалар кеңес үкіметінің қолдауымен құрылып, басшылары мемлекет тарапынан тағайындалып отырды. Діни басқарма басшылары большевиктерге адал қызмет етті. [7; 103-114]. Көп ұзамай большевиктер Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын өз мақсаттары үшін сопылыққа және қасиетті жерлерге қарсы күресуге қолдана бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында халықтың басынан өткен қиын сынақтардың әсерінен халық арасында айтарлықтай діни жаңғыру орын алды.

Кейбір ескі діни дәстүрлермен қатар, қасиетті жерлерді зиярат ету дәстүрі де қайта жанданды. Бұл тек исламға ғана емес, Кеңес Одағындағы барлық діндерге қатысты болды [8; 18].

Соғыс кезінде мемлекет дінге салыстырмалы түрде еркіндік бергенімен, оның сопылық дәстүрлерге деген теріс көзқарасы ешқашан өзгермеді. Большевиктер мемлекетке бағынышты діни басқармаларға мүше болған немесе оларда тіркелген дін қызметкерлерін исламның «ресми» өкілдері деп атаса, діни басқармада тіркелмеген дін қызметкерлері мен сопыларды «бейресми» ислам деп сыныптады. «Ресми» исламға сол кезеңде жұмыс істеген Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (САДУМ), КСРО-ның Еуропалық бөлігі мен Сібір мұсылмандарының діни басқармасы (ДУМЕС), Закавказье мұсылмандарының діни басқармасы (ДУМЗ) және Солтүстік Кавказ мұсылмандарының діни басқармасы (ДУМСК) секілді төрт діни басқарма өкілдік етті. Сонымен қатар, кеңестік билік сопылық ғұрыптарды «исламнан тыс», «исламға дейінгі» деп атады. Қасиетті жерлерді зиярат ету болса сопылық рәсім ретінде қабылданды. Большевиктер сопыларды «фанатик», «шарлатан», «паразит» деген сияқты әртүрлі атаулармен де атады [9; 241-242].

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде берілген діни еркіндікке байланысты қасиетті жерлерді зиярат ету 1950 жылдары арта бастады. Мұсылмандардың мұндай әрекеттері коммунистерді қатты алаңдатты. Өйткені коммунистік партияның 1954 жылғы 7 шілдедегі «Ғылыми-атеистік насихаттағы үлкен кемшіліктер және оны жақсарту бойынша қолға алынған шаралар туралы» атты қаулысында діни құлшылықтарды орындау, қасиетті жерлерді зиярат ету жандана түскені айтылған. Әсіресе, Орталық Азиядағы қасиетті жерлерді зиярат етушілердің көбейгені және мұндай «діни қате түсініктер» мен «жалған сенімдердің» кеңес халқының бір бөлігінің санасын улап жатқаны, олардың коммунизм құрылысына белсенді қатысуына кедергі екендігі айтылды [10; 51]. Осылайша, Кеңес үкіметі қасиетті жерлерге қарсы жаңа шабуылға дайындалды.

Аталған шешімнен екі жыл бұрын, яғни 1952 жылы 25 наурызында САДУМ тарапынан ишанизм мен мюридизмге, яғни сопылыққа қарсы «Жалған ишанизм және мюридизмнің, бақсылық пен шарлатандықтың шариғатқа қайшылығы» атты арнайы пәтуа шығарылған болатын. 1959 жылдың 23 қаңтарында аталған Діни басқарма тарапынан «Қасиетті жерлер туралы» атты пәтуа қабылданып, онда кесенелерге сенудің және оларға құлшылық етудің Құранға, пайғамбар хадистеріне, шариғатқа және бүкіл мужтахидтердің түсіндірмелеріне мүлде қайшы екендігі жазылды. Жалпы САДУМ өз тарихында қасиетті жерлер мен әулиелердің кесенелерінің зиярат етілуіне қарсы бірнеше пәтуа шығарды. Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының сопылыққа қарсы күресі мемлекеттік тапсырыспен жүргізілгенімен, Діни басқарманың басшысы/мүфтиі Зияуддин Бабаханов үшін бұл «Исламды бидғаттардан тазарту» жолындағы қасиетті іс болып саналғанын да айтуға болады. Осылайша З. Бабаханов және оның САДУМ-дағы таңдаулы ізбасарлары, сопылық және оның қасиетті жерлерді зиярат ету, әулиелік культі секілді дәстүрлерінің мемлекетке ұнамсыз болғаны үшін оған қарсы күрес жүргізді (7; 182-194).

Мұсылмандардың қасиетті жерлерді көптеп зиярат етуі кеңестік билікке ұнамады. Өйткені олардың дінге қарсы жылдар бойы жүргізген күресі күткен нәтижесін бермеді. Мұсылмандар тарапынан қасиетті жерлерді зиярат ету барысында басқа да көптеген діни рәсімдер жасалатын. Мешіттен тыс жерде орындалатын мұндай үлкен діни дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды коммунистер бақылай алмады, ал бұл діни дәстүр өз кезегінде жастардың санасына әсер ете берді. Сондықтан мұндай діни дәстүрлер атеистік қоғам құрғысы келген коммунистер үшін үлкен қауіп әрі кедергі саналды.

Мешіттен тыс ислам деп саналатын сопылық большевиктер үшін қауіпті саналған себебі, сопылар, бір жағынан Орталық Азияда өз түсініктерімен, тұрмыс-тіршілігімен халықты исламға шақырса, екінші жағынан патшалық және кеңестік кезеңде билікке қарсы көтерілістердің көпшілігін қолдап, тіпті кейбіреулеріне жетекшілік еткен болатын. Осы себептен мемлекет САДУМ-ды сопыларға қарсы тұруға, қасиетті жерлермен күресуге шақырды. Халықты жақындастырып, діни орта қалыптастырғаны үшін сопылықтың маңызды элементі болған зікір ғибадатына да тыйым салынды. Діни басқарма бұл мәселеге де қарсы пәтуа шығарды. Пәтуада «салаф ғұламалары көрсеткендей ең дұрыс зікір — Құран оқу және оның әмірлерін орындау» екені айтылды [11; 293-294]. Сопылар алғашқы кеңестік кезеңде большевиктерге қарсы басталған қарсылық қозғалыстарының көпшілігін қолдап жатса, кейбір қасиетті жерлер сол қарсылық қозғалыстарының бекінісіне айналғанын да айта кету керек. Мысалы, Ресейдегі азамат соғысы кезінде, Ферғанадағы (Өзбекстан) көтерілісшілер Әзіреті Әлидің есімімен байланысты жергілікті Шахмардан кесенесін басмашылар қозғалысының бекінісіне айналдырған. Әзіреті Әли олардың қамқоршысы әрі қорғаушысы саналған. Қасиетті

Шахимардан кесенесінің шырақшылары басмашыларды жаудан құтқару үшін арнайы тұмарлар да жазып беріп отырған [12; 276]. Демек, бұл большевиктердің сопылыққа және қасиетті жерлерге қарсы күресінің негізгі себептерінің біріне айналды деуге болады. Осылайша мемлекеттің тыйым салғысы келген діни ғұрыптарының бірі әулиелердің кесенелерінің зиярат етілуі болды.

Кеңес Одағында қасиетті жерлерге қарсы күрестің шырқау шегі 1959-1964 жылдар аралығында орын алды. Ол кезең ғылыми әдебиеттерде Н. Хрущевтің дінге қарсы шабуылы кезеңі деп аталады. З. Бабаханов басқарған САДУМ-ның екінші буыны сопылыққа қарсы радикалды көзқарас ұстанды. 1960-1970 жылдары З. Бабахановтың Исмаил Махдум Саттиев, Абдулложон Калонов секілді таңдаулы ізбасарлары үшін ең маңызды іс халықты әулиелерге табыну мен сопылық дәстүрден алыстату болды. Бірақ Орталық Азияның кейбір аймақтарында сенушілердің көзінде сопылардың беделі Діни басқарма өкілдерінен жоғары болды. Діни басқарманың түбегейлі түрде әулие культіне, қасиетті жерлердің зиярат етілуіне қарсы күресуі қоғамда З. Бабаханов пен оның көмекшілері ханафилік мазхабтан бас тартты деген күдік туғызды [13; 125-126, 155-156]. Кеңестердің сопылыққа, қасиетті жерлердің зиярат етілуіне деген теріс көзқарасы Кеңес Одағы ыдырағанша жалғасты. Бірақ халық қасиетті жерлерді зиярат етуін тоқтатпады.

Орталық Азияның бір бөлігі болған Қазақстан аумағында, оның ішінде Сыр өңірінде де большевиктердің қасиетті жерлерге деген ұстанымы осы сипатта болды. Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1949 жылғы 17 ақпандағы № 133 «Мәдениет ескерткіштерін қорғауды жақсарту шаралары туралы» қаулысымен Қызылорда облысында мемлекеттік қорғауға алынған 7 сәулет, археологиялық және тарихи ескерткіштерінің ішінде дінге сенушілер тарапынан жиі зиярат етілетін Сараман-Қоса мұнара кесенесі, Бегім ана мұнарасы, Сығанақ қалашығы қасындағы Сунақ ата кесенесі секілді қасиетті жерлер болған еді [14; 24].

Жоғарыда аталған 1959 жылдың 23 қаңтарындағы САДУМ-ның қасиетті жерлерге қарсы «Қасиетті жерлер туралы» атты пәтуасы қабылданбай тұрып, 1958 жылдың 28 қарашасында КОКП Орталық Комитетінің «Қасиетті жерлерге зиярат етуді тоқтату шаралары туралы» қаулысы қабылданды. Одан соң сол қаулыны жүзеге асыру мақсатында Қызылорда облысында қасиетті жерлерге қатысты атеистік жұмыстар атқарылды. Соған байланысты бұқаралық саяси жұмыспен қатар ғылыми-атеистік насихаттың қарқыны айтарлықтай болды. Соның нәтижесінде Қызылорда облысындағы 14 қасиетті жер жабылып, діндарлардың оларға зияраты етуі тоқтатылды [15; 53].

Орталық Азияның кеңестік бес республикасында да жағдай бірдей еді. Мысалы, 1960 жылдың 14 наурызында Өзбекстан Министрлер Кеңесі елдегі барлық исламдық қасиетті орындарды қадағалауды Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қарауынан алып, Материалдық мәдениет ескерткіштерін сақтау министрлігіне беру туралы қаулы шығарды. Н. Хрущев кезеңіндегі қасиетті жерлердің зиярат етілуіне қарсы күрес жұмысына қатысты жергілікті деңгейде әртүрлі іс-шаралар жасалды. Қасиетті жерлерге қарсы жергілікті аудиторияға арналған дінге қарсы әдебиеттер шығарылып, белгілі бір әулиелердің кесенелерін музейге айналдыру үрдісі күшейді [16; 395]. Мәселен, 1962 жылы Жамбылдағы Қарахан кесенесі дінге қарсы мұражайға айналдырылса, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанынан республикалық дінге қарсы музей ұйымдастыру туралы Қазақ КСР-і Коммунистік партиясы Орталық комитетінің қаулысы шықты. Ал, Арыстан баб кесенесі Шымкент облысы атеистер үйіне айналдырылды. Қасиетті жерлерге қатысты коммунистердің бұл саясаты тіпті шетелдіктерді таңқалдырды. Мысалы, 1965 жылы мамырда САДУМ-ға келген Германияның КСРО-дағы елшісі Р. Вестенгаузен, өзінің де атеист болғанына қарамастан, Самарқандағы Шахи-Зинда кесенесінің жанынан дінге қарсы музей салынғанына өкініш білдірген. Ал, 1966 жылы мамырда бұл мәселе фин мұсылмандарының делегациясын таңқалдырған [17; 320].

Н. Хрущев кезеңінде қасиетті жерлерге қарсы күрес қарқынды жүргізілгеніне қарамастан, қасиетті жерлердің халық тарапынан зиярат етілуі тоқтамады. Діни культтер істері кеңесінің 1961 жылдың шілдесіндегі есебінде республиканың бірқатар облыстарында (Гурьев, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан) қасиетті жерлерге зиярат ету әлі толық тоқтатылған жоқ делінген [18; 102]. Діни культтер істері кеңесінің Қызылорда облыстық өкілінің 1963 жылғы есебінде, облыста зиярат етілетін қасиетті жерлер жоқ екендігі жазылған. Бірақ одан әрі оған керісінше сол есепте, жергілікті тіркелмеген молдалар Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы жабылған Оқшы ата мен Есабыз кесенелерін жөндеп, зияратқа ашпақ болғаны да айтылған. Сонымен қатар, тіркелмеген бірнеше молда аталған қасиетті орындарды жөндеуге жергілікті тұрғындардан ақша жинап, жөндеуге адам жалдаған. Артынан тіркелмеген бұл молдалар жауапқа тартылып, олардың «шарлатандық» әрекеттері

газетте жарияланған [19; 21]. Ал, 1962-1963 жылдары Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылынан 5 шақырым жерде орналасқан Дәуіт әулие мазарының қасына жаңа бір мешіт салынған. Оның орнында соғысқа дейін де мешіт болған және ол салынған жаңа мешітті тіркелмеген діни бірлестік өз қаражатымен тұрғызған. Мешіттің ұзындығы 14 метр, ені 13 метр, биіктігі 3-4 метр болған. Сонымен қатар, мешіттің жанында ұзындығы 6 метр, ені 4 метр болатын бір бөлмеден тұратын үй де орналасқан. Үй діни қызметкерлер мен мешітке келушілердің демалуына арналған [20; 80]. Ал, Қармақшы ауданындағы беделді әрі ықпалды Қауғаев Ешмағамбет есімді тіркелмеген молда 1965 жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесін зиярат етіп барып қайтқан. Барып келген соң өңірдегі рухани орта оны сопы деп таныған [21; 92]. Осылайша қасиетті жерлердің зиярат етілуін толық тоқтатуға талпынған большевиктердің әрекеті ойлағандай нәтиже бермеген.

Қасиетті жерлермен күресудің неше түрлі әдісі жасалған, соның бірі мерзімді басылымдар арқылы насихат жүргізу еді. Мысалы, 1967 жылдың 8 ақпанында облыстық «Ленин жолы» газетінде «Қасиетті жерлер туралы», «Кезбе молдалар және жауынгер атеизм туралы» атты тақырыпта дінге қарсы сипаттағы мақалалар жарық көрген [22; 22]. 1968 жылғы Дін істері кеңесінің Қызылорда облыстық өкілінің есебінде, Қызылорда облысында 14 қасиетті жер болғаны жазылған [23; 89]. Олар Жаңақорған ауданында Қара сопы, Сунақ ата, Қойлақ ата, Ақтас мешіті, Хорасан ата кесенесі, Шиелі ауданында Есабыз, Оқшы ата, Дәуіт әулие кесенесі, Жалағаш ауданында Мүлқалан, Сырдария ауданында Қожан қожа, Қармақшы ауданында Марал ишан, Қорқыт ата, Қармақшы ата кесенесі және Арал ауданында Бегім ана атты қасиетті жерлер болған. Есепте, бұл жерлерде шырақшылар жоқ және сенушілер тарапынан зиярат етілмейді делінген [24; 11-12]. Сонымен қатар, 1969-1971 жылдары да облыс бойынша қасиетті жерлер саны 14 деп көрсетілген [25; 15, 58. 26; 2].

Большевиктер тарапынан бұрын жабық деп саналған кейбір қасиетті жерлер 1970 жылдардың басында жандана бастаған. Қармақшы ауданында 1972 жылдың шілде-тамыз айларында қасиетті Қорқыт мекеніне бірнеше зияратшылар барған, оның ішінде тіпті Өзбекстан ССР-і мен Тәжік ССР-нен келген 4-5 адам болған. Сонымен қатар, діндарлар зияраттарды басқару функциясын өздері иеленіп, кейбір жеке мазарлар мен жерлеу құрылыстарын қасиетті жер деп жариялаған жағдайлар да орын алған. Мәселен, 1960 жылдардың соңында Арал, Қазалы өңірінде тұратын кейбір тіркелмеген молдалар Жанқожа батырдың бейітін алдымен қасиетті жер деп жариялап, кейін оны қалпына келтіру үшін дінге сенушілерден қаражат жинап, оған діндарлардың жаппай зиярат етуін ұйымдастырмақ болған [24; 11-12].

1972 жылғы 22 желтоқсанда облыстық атқару комитеті «Нысандарды республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жатқызу туралы» арнайы қаулы қабылдаған. Олардың ішінде республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне, Сунақ ата кесенесі, Қорқыт ата мазары, ескі Ақтас мешіті, Оқшы ата кесенесі, Қара сопы кесенесі, Бегім ана мұнарасы секілді алты қасиетті жер жатқызылса, жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштеріне Есабыз кесенесі, Қожан қожа кесенесі және Марал ишан кесенесі жатқызылған. Осыған байланысты Қызылорда облыстық атқару комитеті Қазақ ССР-ның 1971 жылғы 17 желтоқсандағы «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау туралы» Заңына сәйкес осы қаулымен республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жатқызылған объектілерді қорғауды және күтіп ұстауды қамтамасыз ету жұмысын облыстық мәдениет басқармасы мен оның жергілікті органдарын, аудандық және ауылдық атқару комитеттеріне міндеттеген. Сонымен қатар, аудандық және ауылдық атқару комитеттеріне, КОКП Орталық комитетінің 1958 жылғы 28 қарашадағы қаулысының орындалуына тұрақты, пәрменді түрде бақылау орнатып, кең ауқымды жаппай түсіндіру және ғылыми-атеистік жұмыстардың негізінде діндарлардың қасиетті жерлерге зиярат етуін толық тоқтатуға қол жеткізу жүктелген. Оған қоса, аудандарда орналасқан барлық қасиетті орындарды тағы бір рет мұқият анықтап, олардың шығу тегі мен зиярат жасалатын аймақтарын жан-жақты зерттеп, ол қасиетті жерлерге зиярат етуді тоқтатудың нақты шараларын әзірлеу, қасиетті жерлерге зиярат жасауды ұйымдастыратын дін қызметкерлерінің жолын кесу, қажет болған жағдайда халық арасында жалған діни сенімдерді қоздыру мақсатында алаяқтық әрекеттерге барғаны және діни сенімдерді ақша табу мақсатында пайдаланғаны үшін құқықтық жауапкершілікке тарту жөнінде дер кезінде шаралар қабылдау тапсырылған [15; 53-55].

Тағы бір архив құжаты бойынша, Қазақ ССР-інің 1971 жылғы 17 желтоқсандағы «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау туралы» Заңының 3-бабына сәйкес Қызылорда облыстық еңбекшілер депутаттары Кеңесінің атқару комитеті, Қызылорда облысындағы жалпы 25 нысанды республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жатқызу туралы шешім шығарған. Олардың

ішінде, Айқожа ишан кесенесі, Жалаңаш кесенесі, Асан ата мазары, Жүніс әулие мұнарасы, Мүлқалан мазары, Іңкәрдария ауылындағы Сырлытам мазары, Сараман-Қоса мұнарасы, Қос күмбезді Қарасау кесенесі, Сунақ ата кесенесі, Қорқыт ата мазары, бұрынғы Ақтас мешіті, Оқшы ата кесенесі, Қара сопы мазары және Бегім ана мұнарасы секілді он төрт нысан орын алған [27; 78-79].

Сол кезеңдегі архив құжаттарынан мемлекет тарапынан қасиетті жерлердің зиярат етілуін бақылау және тоқтату қиынға түскенін байқауға болады. Дін істері кеңесінің Қызылорда облыстық өкілінің 1973 жылғы есебінде, қасиетті жерлерді зиярат етудің толық тоқтатылуы мақсатында КОКП Орталық Комитетінің 1958 жылғы 28 қарашадағы қаулысының орындалуына байланысты бақылау жұмыстарының әлсіреуі нәтижесінде, кейбір аудандарда бұрын жабық болып саналған кейбір қасиетті жерлер соңғы уақытта қайта жандана бастағаны айтылған. Арал, Қазалы аудандарында зияраттарды басқару функциясын өздері иеленіп алған дінге сенушілер, жеке мазарлар мен жерлеу құрылыстарын қасиетті жер етіп жариялаған жағдайлар да болған. Тіпті олар ол жерлерді қалпына келтіру және оларға діндарлардың жаппай зияратын ұйымдастыру үшін сенушілерден қаражат жинауға тырысқан [15; 53]. Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің 1969 жылғы 23 маусымдағы № 396 «Діни сенімдер туралы заңның орындалуына бақылаудың қанағаттанғысыз жәйі туралы» қаулысына қатысты Қармақшы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Н. Егізбаевтың 1973 жылдың 20 желтоқсандағы есебінде, бұрынғы кезде дінге сенушілердің Марал ишан, Қармақшы ата мазарлары секілді әулиелік жерлерге түнеп, соларға табыну әрекеттерін жасағаны, ал кейінгі кезде жүргізіліген саяси үгіт жұмыстарының нәтижесінде ондай әрекеттер жойылғаны жазылған [28; 122].

Кейбір деректерде, егер 1959 жылы билік органдарында, Кеңес Одағы бойынша тіркелген әрі нақты жұмыс істеп тұрған 839 исламдық қасиетті орын болса, 1974 жылдың 1 қаңтарында олардың саны 612-ге дейін қысқарған. 1972 жылмен салыстырғанда қасиетті жерлер санының біршама артуы Өзбек КСР-де 6, Қазақ КСР-де 3 қасиетті жердің анықталуына байланысты болған. Ал, Түрікменстандағы қасиетті жерлер саны 5-ке азайған. Орталық Азиядағы қасиетті жерлердің басындағы шырақшыларға мемлекет тарапынан «шарлатан» деп ат қойылып, олардың әрекеттеріне қарсы газеттерде мақалалар жарияланғаны айтылған еді. Ал, Өзбек КСР-де олардың кейбіріне ескерту жасалса, кейбірі қылмыстық жауапқа тартылып, 3-4 жылға сотталған. Жабылып қалған қасиетті жерлердің қайта ашылған кездері де, бұрын белгісіз болып келіп, жаңадан ашылған қасиетті жерлерде болған. Мұндай жағдай Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында да орын алған [29; 328-333].

Дін істері кеңесінің Қызылорда облыстық өкілінің 1974 жылғы есебінде:

*«Осы жылдар ішінде КОКП Орталық Комитетінің 1958 жылғы 28 қарашасындағы қасиетті жерлерді зиярат етуді тоқтату туралы ереженің талаптарын мүлтіксіз сақтау туралы қаулысының орындалуын бақылау біршама жақсарды. Қасиетті жерлер орналасқан аудандарда (Жаңақорған, Шиелі, Сырдария және Қармақшы) діни ғұрыптар туралы заңнаманың сақталуын бақылау жөніндегі көмек комиссияларымен бірлесе отырып, әрбір қасиетті жердің шығу тегі зерттелді. Жергілікті Кеңестердің атқару комитеттерінің төрағаларымен, мәдениет, денсаулық сақтау, халық ағарту мекемелерінің басшыларымен, әкімшілік органдардың өкілдерімен кездесулер өткізіліп, дінге сенушілердің бұл жерлерге зиярат етуін қайта бастауды болдырмаудың қажетті шаралары белгіленді.*

*Сонымен қатар, кейбір кесенелер мен жерлеу құрылыстары басқа да көптеген тарихи-мәдени ескерткіштер секілді қасиетті жер ретінде ұсынылатынын ескерсек, олар қазақ халқының өткен өмірі мен өнерін көрсетеді, сондықтан олардың көркемдік және мәдени мәні зор...*

*Алайда, аудандық еңбекші халық депутаттары кеңестерінің жекелеген атқару комитеттері мен діни культтер туралы заңнаманың сақталуын бақылау жөніндегі көмекші комиссия, Облыстық еңбекші халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің бұл шешімінің мәнін халыққа түсіндіруді ұйымдастырмаған және сондай-ақ Қазақ КСР-нің 1971 жылғы 17 желтоқсандағы «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау туралы» заңында белгіленген тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалану тәртібі мен қасиетті жерлерге зиярат етуге тыйым салатын заңның орындалуына бақылауды әлсіретіп жіберген.*

*Осы елеулі олқылықты пайдаланып, кейбір аймақтарда мұсылман дінбасылар қасиетті жерлерге діндарлардың зиярат етуін қайта бастауға әрекеттенген. Мысалы, Жаңақорған ауданында тіркелмеген молдалар тарихи және мәдени ескерткіштер санатына жататын қасиетті жер — Қара сопы кесенесіне сенушілердің зиярат етуін қайта жандандыру үшін қадамдар жасаған. Аталған қасиетті жердің жанында орналасқан үй-жайларды кеңейту үшін ағаштар,*

*фанерлер, бояулар мен шегелер әкелінген. Текемет, көрпеше, қазан, самауыр, қол жуғыш, керосин шамы, шелек және т.б. заттар жеткізілген.*

*Жаңақорғандағы бұл заңсыз әрекеттер дер кезінде тоқтатылды...»* [30; 36-38] делінген.

Мемлекеттің халық тарапынан қасиетті саналатын кесенелерді республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи ескерткіш ретінде қорғауға алуының да бір себебі, оларға толық бақылау жүргізе отырып, сенушілердің зиярат етуін тоқтату болған деуге толық негіз бар. Бірақ бұл діни дәстүрді халық санасынан өшіріп толық тоқтату мүмкін болмады. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1974 жылдың 7 маусымындағы № 338 «Қазақстанның мемлекеттік қорғауға жататын сәулет ескерткіштері туралы» қаулысы бойынша мемлекеттік қорғауға алынған облыстық 11 сәулет ескерткішінің ішінде Айқожа ишан кесенесі, Ақтас мешіті, Асан ата кесенесі, Оқшы ата кесенесі, Жалаңаш кесенесі, Қара сопы кесенесі, Аққорған мазары, Қалан молда кесенесі, Жүніс әулие мұнарасы секілді исламдық қасиетті жерлер орын алған [14; 24-25]. Облыстық атқару комитетінің 1974 жылғы 22 желтоқсандағы № 567 «Нысандарды тарих және мәдениет ескерткіштеріне жатқызу туралы» шешімімен Қызылорда облысында Есабыз, Қожан қожа және Марал ишан кесенелері тарих және мәдениет ескерткіштері ретінде жергілікті билік органдарының қорғауына алынған [14; 25]. Алайда, 1976 жылы 24 тамыздағы Дін істері кеңесінің Қызылорда облыстық өкілі Ж. Боташевтің есебінде, сол кезеңде облыстық атқару комитеттерінің қасиетті саналатын жерлерге зиярат етуге тыйым салуға қатысты діни культтер туралы заңнаманың сақталуына бақылау жүргізуді қатты әлсіретіп жібергені жазылған. Мұсылман дінбасылары осы олқылықты пайдаланып, кей жерлерде қасиетті жерлерге зиярат етуді қайта жаңғыртуға әрекет жасаған. Мысалы, 1976 жылы Жаңақорған ауданындағы Сунақ ата кесенесінен шамамен 200 метр қашықтықта бір бөлме мен кіреберістен (32 шаршы метр) тұратын үй-жай анықталған. Сунақ ата ауылының тіркелмеген молдалары И. Жакудаев пен Ж. Мұхамеджанов, Сунақ ата кесенесіндегі бұл үй-жайды сол жердің шырақшысы (орысша деректерде шейх деп жазылады) салып, күтіп ұстағанын жеткізген. Тексерістен соң, Сунақ ата кесенесі шырақшысының Жаңақорғанда тұратын коммунистік партия мүшесі Наметов Махмұт екені анықталған. Наметов Махмұт 1930 жылдың сәуір айынан бастап КОКП мүшесі болған және теміржол саласында қырық жыл еңбек етіп, 1960 жылы зейнетке шыққан. Сонымен қатар, Жаңақорған селолық кеңесі партия ұйымының есебінде тұрған. Наметов әдетте әр бейсенбі сайын Жаңақорғаннан Сунақ ата кесенесіне келіп, жұма күні кешке Жаңақорғанға қайтатын болған. Бұл күндері оның Сунақ атаның мазарын бақылап, сыпырып, жөндеп, төсек-орындарын жаңартып, зияратшылардың ақшалай және заттай садақаларын жинайтыны анықталған. Сонымен бірге, зияратшылардың қалауымен құран оқу, дұға жасау секілді басқа да діни рәсімдерді орындайтыны белгілі болған. Наметов сондай-ақ сенушілердің үйін аралап жүріп, заңмен тыйым салынғанын біле тұра қаражат пен материалдар жинап, Қара сопы, Сунақ ата кесенелері және Құмсаба зиратын сыммен қоршауға бастамашы болып белсенділік жасаған [31; 95-97].

Ж. Боташев, бұл фактілердің коммунистік партия мүшесі Махмұт Наметовтің біріншіден, әрбір коммунистке діннен бас тартуды ғана емес, сонымен бірге діни наным-сенімдерге, ырымдарға және басқа да ескіліктің қалдықтарына қарсы табанды күрес жүргізуді талап ететін КОКП Жарғысының 2-тармағын терең бұзғанын көрсететінін білдірген. Екіншіден, оның халық бұқарасы арасында діни нанымды тудыру мақсатында алдау әрекеттерін жасауға және сондай-ақ осы жолмен пайда табуға тыйым салатын «Дінді мемлекеттен және мектепті діннен бөлу туралы» мемлекеттік Заңды өрескел бұзғанын баяндаған. Сонымен бірге, аумағында Сунақ ата кесенесі орналасқан Төменарық ауылдық атқару комитеті мен Наметов тұратын Жаңақорған селолық атқару комитеті оның заңсыз әрекеттерінің жолын кесу шараларын жасамағанын ескерткен. Тіпті, Жаңақорған селолық атқару комитеті (Шәкетов, Бұрдырықов) Наметовке зираттарды және көне ескерткіштерді күтіп ұстауға және жөндеуге құқық беретін ресми анықтама берген. Одан соң Махмұт Наметовтің әрекеті Жаңақорған бастауыш партия ұйымының жиналысында қаралып, оған партиялық жаза тағайындалған. Осылайша М. Наметовтың Сунақ ата кесенесіндегі және басқа да зираттардағы мұндай әрекеттері тоқтатылған [31; 98].

1976 жылдың 16 тамызындағы Қармақшы аудандық еңбекшілері депутаттары кеңесінің мәлімдемесінде, ауданда бұрынғы кездерде қасиетті жерлер қатарына Қорқыт Ата, Марал ишан және Қармақшы ата кесенелері жатқызылып келгені және одан кейін бұл орындарда ешқандай да қасиетті жердің белгісі сезілмегені жазылған. Ол құжатта, Қорқыт ата бейітінің дарияға құлап кеткені айтылса, Марал ишан мазарының маңында елдімекен жоқ екендігі және қаладан 20 шақырымдай жерде орналасқандықтан оған адамдардың бармайтындығы айтылған. Ал, Қармақшы ата мазары көп

бейіттің ортасында орналасқаны, қоршалғаны және мазардың бір жағы құлағаны жазылған. Бұлардан басқа аудан көлемінде қасиетті орындар жоқ екендігі білдірілген [32; 54]. Архив деректерінен жергілікті басшылардың облыс көлемінде сенушілер тарапынан зиярат етілетін қасиетті жерлердің санын азайтып көрсетуге талпынғанын да байқауға болады. Мысалы, Қармақшы ауданына қатысты деректерде аудан көлемінде тек 3 қасиетті жер бар екендігі айтылады. Бірақ Ораз ахун, Әлібай ахун және Алдашбай ахунның кесенелерінің зиярат етілгені айтылмайды.

Большевиктер өз есептерінде қасиетті жерлер мен оларды зиярат ететіндердің санын қанша азайтып көрсетуге талпынса да, сенушілердің зияратының тоқтамағанын мойындауға мәжбүр болып отырған. Мәселен, Ж. Боташеев өзінің 1977 жылғы есебінде, Қызылорда облысындағы 14 қасиетті жер туралы жан-жақты мәлімет бере келе, сенушілер қасиетті жерлерді не үшін құрмет тұтады деген бөлімге, мұсылмандар ол жерлердің барлығы адамды әртүрлі дерттен сауықтырып, түрлі тілектердің орындалуына себепші болады деп сенеді деп жазған [33; 14-19. 34; 111]. Ал, 1978 жылдың 4 тамызы мен 2 қыркүйегі арасында болған ораза айынан кейінгі Айт намазы күні, негізінен облыстың Жаңақорған және Шиелі аудандарынан құралған 20-25-ке жуық діндар Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне зиярат еткен [34; 11].

1932 жылдың шілде айында «Қазақстандағы жаппай аштық туралы» қаулысында Өлкелік комитет панасыздықты жою міндетін барлық бұқаралық және қоғамдық ұйымдардың, әсіресе кәсіподақтардың, комсомолдардың және әйелдер делегаттарының назарында болуы тиіс жауынгерлік міндет деп санайды. Өлкелік комитет Денсаулық сақтау ХК, Ағарту ХК органдары мен қоғамдық ұйымдарға панасыздықпен күресу жөнінде нақты шараларды әзірлеп, оларды ҚазАКСР ХКК енгізуді міндеттейді. Сонымен қатар аталған қаулыда мәжбүрлі түрде босып кетушілердің қайтып келуіне және азық-түлік тапшылығы туындауынан панасыздар саны өсіп, қолда бар қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты Халық комиссарлар кеңесіне қосымша қаражат қарастырып, орталықтан материалдық көмек көлемін ұлғайту мәселесін қарастыру тапсырылады.

Осындай жағдайда үкімет органдары панасыз, қараусыз қалған балалардың санының күннен күнге ұлғаюына байланысты панасыздықпен күресуге шаралар қабылдап, мүмкіндігінше тіркеуге алып, балалар үйіне орналастыру мәселесін қарастырған болатын.

1932 жылдың 31 наурызындағы БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюросы отырысында көшіп кеткен кедей, орта шаруаларды қайтаруды ұйымдастыру туралы мәселе тыңдалып, оларды Қазақстанның ішінде орналастыру туралы комиссия құруға қаулы етіледі. Қабылданған қаулылар ішінде комиссияның міндеттерінің бірі ретінде панасыз және ашыққан балалар үшін аудан орталықтары мен ірі колхоздарда балаларын үйін ұйымдастырып, ХКК азық-түлік көмегінің ортақ қорынан ұйымдастырылатын балалар үйін жабдықтау үшін арнайы қор бөлу тапсырылады [1; 183].

Қарағанды облысы аумағына да ашыққан балалардың көптеп ағылу фактісіне байланысты, орын алған жағдаймен күресуде Қарағанды облыстық Атқару комитеті президиумының 1932 жылдың 7 сәуірдегі отырысында 10 сәуірге дейін 16 жаңа балалар үйін ұйымдастырып, қолданыстағы балалар үйінің контингентін 1400 панасыз балаларды қабылдау арқылы кеңейту туралы шешім қабылданады.

Оларды облыстың қалалары мен аудандары бойынша келесідей бөлу көзделеді: Петропавл — 100 бала, Қарағанды — 140 бала, Көкшетау — 100, Атбасар — 90, Нұра — 30, Тельман — 60, Қорғалжын — 50, Жаңаарқа — 40 бала және т. б. [9, 60]. Архив құжаттары бойынша 1932 жылдың үш айында (наурыз-мамыр) Қазақстан аумағында 79 балалар үйі (9834 бала қабылданған) және 50 орындық 1 қабылдау пункті ашылады. Оның ішінде Қарағанды облысында 18 балалар үйі ұйымдастырылып, 1617 бала қамтылған [1; 226].

Орталық Қазақстан өңіріндегі ашаршылық тарихына қатысты жарияланған естелік материалдарға сүйенсек, «қазақтардың балаларын асырай алмаймыз, аштан өлтіріп аламыз», – деп, балалар үйіне өздері апарып тапсырған фактілер де болғанын байқаймыз. Отбасы естеліктерімен бөліскен респондент Л.І. Махабаева ол туралы былай: «Шешемнің аты — Бөпіш, әкемнің аты — Ілияс. Екі ұлдары болған екен. Екеуін асырай алмаймыз, аштан өлтіріп аламыз деп, балалар үйіне апарып беріпті. Балалар үйіне бір күн апарып келіп, ертеңінде барса, екеуі үйге кетеміз деп жылаған екен. Тәрбиешілер жібермеді. Содан кейін үшінші күні барса, орнында балалар жоқ. Қайда әкеткенін білмейді. Міне, осы уақытқа дейін хабар жоқ әлі, қайда кеткендері... Біреуі тоғыз жаста, біреуі он бір жаста болған. Екі ұл, содан жоқ, мінеки...» деп баяндайды [11; 335]. Көріп отырғанымыздай ашаршылық зардабы тұтас бір әулеттердің тағдырына әсер етіп, балаларды ата-аналарынан тірідей айырған.

Ашаршылық салдарынан халықтың мәжбүрлі түрде босуынан Қазақстанмен шекаралас аумақтарда да панасыз, қараусыз қалған қазақ балаларының проблемасы туындайды. Сонымен қатар мәжбүрлі түрде босып кеткен қазақтардың балаларының жағдайына байланысты мәселелер қарастырылады. Мысалы, БОАК жанындағы балалар комиссиясы бригадалары Орта Еділ өлкесіндегі босып келген қазақтардың балаларының жағдайы туралы мәлімдеме жазбасында Орта Еділ өлкесінің 11 ауданында босып келген қазақтардың саны 50 мың адамнан асып, олардың 30 % балалар екенін көрсетеді. Қазақтардың көпшілігінің бір ауданнан екінші ауданға көшіп жүргендіктен, панасыз, қараусыз балалардың нақты санын анықтау мүмкін еместігін баяндайды. Орынбор және Сольилецк аудандарын тексеру барысында қазақ балаларының қиын жағдайы туралы келесі фактілер анықталған: санитарлық-тұрмыстық жағдайы, денсаулық жағдайлары өте төмен, аш-жалаңаш, жүдеу, аштықтан ісініп кеткендіктерін атап өтеді. Сольилецк ауданында қазақ босқындарының балаларына арналған 4 қабылдау пункті (оның 3-уі 3 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға, 1-уі 1-3 жастағы балаларға) ұйымдастырылған. Бұл пункттерде 342 адам орналастырылған, олардың барлығы ата-аналары тастап кеткендер балалар екендігін атап өтеді.

Осы мәлімдеме жазбада балалар арасындағы өлім деңгейінің жоғарылығы көрсетіледі. Наурыз айындағы қалалық денсаулық ұйымының мәліметтері бойынша Орынбор бойынша мектеп жасына дейінгі — 31, мектеп жасындағы — 4, ересек — 49, сонда барлығы — 84 бала қайтыс болған. Сольилецк бойынша 15 ақпан мен 15 наурыз аралығында мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағы — 40 бала қайтыс болған. Яғни, балалар өлімі бойынша тәулігіне 3-4 жағдай тіркеліп отырған.

Балалар бригадасының 1932 жылдың 2 сәуірінде Орынбор қаласында қазақ балаларының жағдайын анықтау бойынша шақырылған ауданаралық кеңесі Петров, Ор, Елек, Бөрте аудандарында 2 ай ішінде (ақпан, наурыз) балаларға көмек ұйымдастырылмаған көрсетеді. Көрсетілген аудандар бойынша балалар мекемелеріне орналастырылған балалар саны 998 болса, ата-аналарымен бірге жүрген көмекке мұқтаж балалардың саны — 6163 деп көрсетіледі [2; 277-281].

Қазақ балаларының осындай қиын жағдайын баяндай келе, мәселенің өзектілігі мен қазақтар мен олардың балаларына көмек көрсетудің саяси маңызын ескере отырып, БОАК жанындағы балалар комиссиясы бригадасы орталық пен Қазақстан тарапынан өндірістік тауарлар, азық-түлік қорларын бөлу арқылы шұғыл көмек көрсету қажет деп есептейді.

ҚАКСР ХКК «Көшіп кеткен шаруашылықтарды қайтару және орналастыру бойынша жұмыс жоспарын бекіту туралы» 1932 жылдың 27 сәуіріндегі № 22 қаулысының 7 пунктінде Денсаулық сақтау ХК мен Ағарту ХК тарапынан панасыз балалар мен тарап кеткен шаруашылық балаларына арналған 6000 адамға балалар үйі ұйымдастырылатындығы қарастырылады. Оның ішінде Қарағанды облысы бойынша Денсаулық сақтау ХК тарапынан 300 балаға, Ағарту ХК тарапынан 1500 балаға, барлығы 1800 бала орналастыру жоспарланады [1; 204-205].

Орынбор БКП (б) қалалық комитетінің хатшысы М. Сусманның қазақ босқындарының жағдайы туралы мәлімдеме жазбасында қазақ босқындарының ауыр жағдайына тоқтала келе, олардың індеттен емес көбінесе аштықтан өліп жатқанын және әсіресе балалар өлімінің жоғары екендігін, қаңтар-ақпан айларында күнделікті балалар мәйіті табылып жатқанын атап өтеді [1; 208-209].



Қарағанды облысына қайтып келген босқындарды орналастыру туралы ҚАКСР ХКК 1932 жылғы 3 қыркүйектегі мәлімдеме жазбасында Қарағанды облысында ресми мәліметтер бойынша 9 мың панасыз бала бар және халық балаларын тастап кетіп жатқандықтан олардың санының тез өсіп жатқанын баяндайды. Тоғыз мың бұл тек балалар үйі мен бөбекжайлармен қамтылған балалар саны, әлі де қамтылмай жатқан панасыз балалар бар екендігі айтылады. Осы мәлімдемеде балалар үйін жабдықтау мәселесін негізгі мәселелердің бірі ретінде атап өтіп, балалар үйлерін азық-түлікпен дұрыс қамтамасыз етпеудің салдарынан балалар өлімінің жоғары екендігін көрсетеді. Мысалы, Көкшетауда бір айда 170, Ақмолада бір айда 90 баланың 30-ы, Қарағандыда он күн ішінде 100 балаға дейін өлгені туралы мәлімдейді [10; 175].

Жергілікті жерлерде де құрылған облыстық балалар комиссиясы ұйымдары панасыз, қараусыз қалған балаларды тіркеуге алып, оларды балалар үйіне орналастыру жұмыстарын жүргізіп отырды. Мысалы, Қарағанды облыстық балалар комиссиясының 1932 жылдың 1 қазанындағы мәлімдеме жазбасы бойынша Қарағанды облысы аудандары бойынша 1932 жылдың шілдесінде тіркеуде тұрған панасыз балалар саны 12674 болған. Осы мәлімдемеде облыс аудандары бойынша балалар үйінің саны, тіркелген панасыз балалар саны және олардың ішінде қамқорлыққа алу үшін колхоздар мен совхоздарға, ФЗУ-ға жіберілгендер саны кесте түрінде берілген. Кестеге сәйкес 25 ауданда барлығы — 46 балалар үйі, тіркелген панасыздар саны — 6807, олардың ішінде орналастырылғаны — 6467, жергілікті бюджеттегілері — 1823, арнайы бюджеттегілері — 4634, қамтылмағандар саны — 350, колхозға — 544, совхозға берілгендер — 79, ФЗУ-ға жіберілгендер — 63 деп көрсетілген [11, 176].

Осы мәлімдемеде панасыз балалардың саны 1932 жылдың 1 қазанында 8337-ге күрт азайғанын, оның ішінде бөбектер 28,5 % азайғанын көрсетеді. Балалар саны қысқарған аудандарды келесі кестеден көруге болады (1-кесте):

1 - кесте

**Балалар саны қысқарған негізі аудандар [11, 177]**

Аудан, қала	1 шілдеде	1 қазанда
Қарағанды	2517	270
Осакаров ауылд./поселкелер	1744	1200
Төңкерей	340	164
Қызыл-Ту	310	269
Айыртау	657	238
Көкшетау	625	500
Арық-Балық	285	124
Есіл	400	100
Қорғалжын	820	151
Барлығы	7698	5446

Кестеден көріп отырғанымыз бұл тоғыз ауданда панасыз балалар саны 1 шілдемен салыстырғанда 1 қазанда 7698-ден 5446-ға қысқарған. Яғни, 34,2 % қысқарған [11; 177].

Сонымен қатар балалар санының қысқаруына әсер еткен келесі себептер көрсетіледі:

1. Панасыз балалар туралы сандық мәліметтердің аудандық балалар комиссиясы мен аудандық халыққа білім беру бөлімдері тарапынан нақтылануы;

2. Жаңа егін түсіміне байланысты туыстарының балаларды өз қамқорлығына қайтып алуы;

3. Сұрыптау арқылы кездейсоқ балалар үйіне келіп түскен балаларды ата-аналарына қайтару; (панасыздарды жинау бойынша қоғамды жұмылдыруда аудандарда жүргізілген он күндік кезінде кейбір ата-аналар өз балаларын аудандық, облыстық ұйымдарға көмек сұрауға мәжбүрлеп, соның нәтижесінде панасыз балалар саны өскендігі айтылады)

4. 623 адам колхоз-совхоздарға, 63 адам ФЗУ-ға жіберілген.

Қарағанды облыстық балалар комиссиясының осы мәлімдеме жазбасында панасыз қалған балалардың жасы, ұлттық құрамы бойынша да ақпараттар кездеседі (2-кесте).

## 1932 жылғы панасыз балалардың жастық құрамы [11; 178]

Аудандар атауы	Балалар саны	4 жастан 8 жасқа дейінгі	8 жастан 12 жасқа дейінгі	12 жас және одан жоғары
Петропавл	1000	800		200
Булаев	69	8	7	52
Ленин	118	-	63	55
Қызыл-Ту	269	3	125	141
Айыртау	238	9	83	146
Көкшетау	500	288	195	14
Арық-Балық	124	12	27	85
Есіл	100	-	73	27
Атбасар	356	9	260	87
Қорғалжын	161	-	47	104
Тельман	116	9	57	50
Барлығы	3036	1138	937	961

Кестеден көріп отырғанымыздай 11 аудан бойынша тіркеуге алынған 3036 баланың көбі Петропавл және Көкшетау аудандарына тиесілі, сонымен қатар жастық құрам бойынша да 4 жастан 8 жасқа дейінгі, 8 жастан 12 жасқа дейінгі балалар саны осы аудандарда және Атбасар ауданында балалар саны жоғары, ал, 12 жастан асқан балалар саны басқа аудандарға қарағанда Қызыл Ту және Айыртау аудандарында жоғары болған екен.

Панасыз қалған балалардың ұлттық құрамы бойынша мәліметті келесідей көрсетеді (3-кесте):

## Панасыз балалардың ұлттық құрамы [11; 179]

Аудандар атауы	Балалар саны	қазақтар	орыстар	украиндар	татарлар
Петропавлов	1000	635	247	52	62
Булаев	69	58	11	-	-
Ленин	118	65	48	-	-
Қызыл Ту	269	268	1	-	-
Айыртау	238	198	40	-	-
Көкшетау	500	311	182	-	7
Рузаев	161	134	27	-	-
Щучинск	160	119	27	2	-
Есіл	100	60	30	7	1
Атбасар	356	164	128	66	5
Тельман	116	114	2	-	-
Барлығы	3067	2126	747	117	75

Панасыз балалардың ұлттық құрамы келесідей сипатталады: олардың басым бөлігін қазақ балалары құрайды — 69 %, келесі орыстар — 24,3 %, украиндықтар — 3,8 %, татарлар — 2,4 %. Көріп отырғанымыздай 1930-шы жылдардағы аштық кезеңінде жергілікті ұлт өкілдерінің балалары бірінші кезекте зардап шегіп, панасыз қалған. Бұл тек тіркеуге алынғандарының ғана саны, ал тіркеуге алынбай қалғаны, шекаралас аумақтарға босып кеткендерінің, қайтыс болғандарының саны біздерге әзірге белгісіз болып отыр.

Балалар панасыздығы мәселесі Қарағанды облысы өңіріне қарасты аудандарда туындап, жергілікті жерлерде ашыққан балаларға азық-түлікпен көмек көрсету шаралары қарастырылады. 1932 жылы Қарағанды облысы аумағында Жаңаарқа ауданы бойынша халықтың аштықтан босып кетуіне байланысты тұрғындар балаларын тастап кету жағдайлары болған. О. Исаевтің Жаңаарқа ауданы жағдайы туралы мәлімдеме жазбасында тастап кеткен балалардың саны қазан айының аяғында аудан орталығында 350 болған деп көрсетіп, олар ауданға келген кезде олардың 50 ғана қалып, 300 аштан өлген [1, 388]. Ашыққан халық көршілес Нұра ауданына да босып барғаны және панасыз балалар туралы, оларға азық-түлікпен көмек көрсету бойынша материалдарды Нұра аудандық архивынен

кездестірдік. 1932 жылдың 15 желтоқсанындағы мәлімет бойынша Нұра ауданындағы Ивановск және Пушкин балалар үйіне бекітілген Жаңаарқа ауданының панасыз балалар саны 71 деп көрсетіледі [12, 9]. Осы материалдарда Нұра ауданы бойынша да 341 панасыз қалған балалар бойынша мәлімет беріледі. Аудандық жабдықтау комитеті оларға 354 пұт бидай, 3361 пұт тары, 16 пұт ұн, барлығы 3732 пұт азық-түлік берілгені туралы облыстық атқару комитетіне мәлімет берген [12; 20].

Бірақ, кейбір архив материалдарында көмек көрсету шараларының толыққанды сипатта жүргізілмегендігін байқауға болады. Құжаттарда балалар үйлеріне бөлінген азық-түлік, өнеркәсіптік тауарлардың оларға жетпей, талан-таражға салынғаны туралы фактілер кездеседі. Мысалы, Тельман аудандық балалар комиссиясының 1932 жылғы мәлімдеме жазбасында балалар үйлерінің қызметкерлері азық-түлік пен заттарды көбірек алу үшін әдейі балалардың санын артық көрсеткендігі жөнінде айтылады [13; 100-101].

Дегенмен бұндай талан-таражға салу фактілерімен тиісті органдар тарапынан күрес жүргізілген туралы да құжаттық материалдарды кездестірдік. Шет аудандық архивінің құжаттарында барлық облыстық прокурорларға жолданған нұсқауда Өлкелік комитеттің 6-шы Пленумы, үкімет шешімі кеңестік органдар, қоғам жұртшылығын балалар панасыздығын жоюды міндеттейтінін айта келе, осы мақсатта бюджеттен аса көп қаражат жұмсалу ұсынылғандығын көрсетеді. Бірақ, жергілікті жерлерде бұл дерективаларды орындамағандықтан балалар үйінің жағдайы апатты ауыр, өлім деңгейі жоғарылығын атап өтеді. Осыған байланысты балалар үйлерін қамтамасыз етуде қадағалау жүргізуді ұсынады. Бригадалар құру арқылы балалар үйлері, бөбекжайлардың жағдайын, қаржылық органдарды тексеріп, қылмыс ашылатын болса, бірден тергеу жүргізіп, еңбекшілердің алдында ашық сот жүргізуді ұсынады. Сонымен қатар балалардың оқу материалдарымен қамтамасыз етуге көңіл бөлуді назар аударып, осылар бойынша он күн сайын мәлімет беріп тұруды сұрайды [14; 3-4].

Аштыққа ұшырап, қараусыз қалған панасыздарды балалар үйіне орналастырғанмен, балалардың жағдайы өте ауыр болды. Балалар үйлерінде азық-түлік жетіспеу, тәрбиешілердің ұрып-соғу фактілері де болғандықтан балалардың олардан кетіп қалу жағдайлары да болған. Оған дәлелді келесі құжаттан көруге болады: Қарқаралы балалар үйінің директоры Дәрібаевтің 1932 жылдың ақпан айындағы мәлімдеме жазбасында балалар үйінің 100 тәрбиеленушісінің 60-ы ғана балалар үйінде қалып, қалған 40 баланың қайда екендігі белгісіз, қалада қаңғырып жүргендігін және балалар үйінің тәрбиеленушілері қажетті азық-түлікпен (май, қант, жарма өнімдері жоқ болғандықтан) қамтылмағандықтан аш құрсақ өмір сүріп жатқандығын атап өтеді. Сонымен қатар балалар үйінде оқшаулау бөлмесінің жоқтығы салдарынан сау балалар сырқат балалармен бірге орналасқандығын мәлімдейді [15; 11-12]. Аштық жағдайында өмір сүріп жатқан балалардың арасында түрлі жұқпалы аурулар тарап, соның нәтижесінде балалар үйлерінде өлім деңгейі де жоғары болған. Мысалы, Қарқаралы ауданы бойынша 1932 жылы панасыз балалармен күрес жағдайы туралы материалдарында ауданда 3 балалар үйімен 10.X.1932 жылы 505 бала қамтылып, оның ішінде 499 қазақ, 2 еуропалық ұлт, 4 басқа ұлт деп көрсетіледі. Ұл бала — 314, қыз бала — 191. Жасы бойынша 5 жастан 8 жасқа дейінгілер — 43, 9 жастан 16 жасқа дейінгілер саны — 462. Соңғы үш айда (қыркүйек, қазан, қараша) 224 бала қайтыс болған (орта есеппен айына 78 бала өліп отырған). Бұлардың көпшілігінің өліміне аштық себеп болған деп көрсетіледі [8; 14-16].

Мемлекеттік органдар тарапынан панасыз қалған балаларға байланысты шаралар қабылданып жатса да, ата-анасының қамқорынсыз қалған балалардың ағыны толассыз өсіп жатты. Ол туралы мына құжаттан байқауға болады: 1933 жылы 15 сәуірде БКП(б) Қарағанды қалалық комитеті бюросының отырысында «Көшіп келушілердің жағдайы туралы» мәселе қаралды, онда қайта көшіп келушілердің үлкен ағыны және балалар панасыздығының бұрын-сонды болмаған өсуі байқалды. Комсомол бригадалары балаларды балалар үйіне тарату үшін жинады. Облыстың арнайы кенттерінің аудандық ұсынымы қала бойынша және шахталар бойынша арнайы қоныс аударушылардың қаңғыбас балаларын жинауды ұйымдастырды [16; 86-86].

1930-шы жылдардағы Қазақстандағы балалар үйіндегі балалар саны туралы мәліметті БОАК Балалар комиссиясы өкілінің БК Президумына ҚАКСР балалар үйлерінің жай-күйі туралы 1933 жылдың сәуіріндегі берген мәлімдеме жазбасынан көруге болады. Онда Қазақстанда панасыз балалардың жағдайының өте ауыр екендігін баяндай келе, соңғы уақытқа дейін панасыз балалардың ағыны толастамай келе жатқанын және олардың саны 60000 адамға жеткенін, 1 сәуірде балалар үйінде 57000-58000 бала болды және шамамен 2500-3500 балаларды көшеден алып кету керек деп көрсетеді [1; 562].

Қарқаралы аудандық кеңесінің атқару комитеті жанындағы жоспарлау комиссиясының құжаттарында 1934 жылғы мәліметтер келтірілген. Осы мәліметтерге сәйкес Қазақстанда балалар үйіндегі балалар саны 60412 адамды құраған. Ең көп саны Оңтүстік Қазақстан облысында — 13425 бала (22,2 %) және Қарағанды облысында — 13300 бала (22 %) болды. Алматы облысында 9318 (15,4 %), Шығыс Қазақстан облысында 8895 (14,7 %) және Ақтөбе облысында 8300 (13,7 %). Ең аз саны Батыс Қазақстан облысында — 4343 бала (7,1 %) және Алматы қаласы бойынша — 2832 бала (4,6 %) [17; 20].

1933 жылғы 1 шілдедегі балалар панасыздығы мен балалар үйінің жағдайы туралы мәлімдеме жазбада егін шықпауына байланысты РКФСР-дың бірқатар өлкелері мен облыстары және ҚазАКСР мен УКСР одақтас республикаларында 1933 жылы панасыз балалар саны мен балалар үйінің өсуі сипатталады. Бұл құжатта балалар панасыздығынан ерекше зардап шеккен келесі облыстар бөліп көрсетіледі (4-кесте) [18; 318].

4 - к е с т е

#### 1933 жылы балалар үйімен қамтылған балалардың саны

№	Өлке, облыс атауы	01.01.1933 ж. балалар үйімен қамтылған балалар саны		01.08.1933 ж. балалар үйімен қамтылған балалар саны	
		Мекемелер саны	Балалар саны	Мекемелер саны	Балалар саны
1	Солтүстік өлке	86	6000	100	7000
2	Солтүстік Кавказ	142	14650	217	43000
3	Урал	–	16300	–	21500
4	Төменгі Волга	–	6000	–	12000
5	Орта Волга	–	9600	–	13500
6	Батыс-Сібір өлкесі	–	8209	152	11269
7	Қазақстан	–	–	–	61000

Кестеден көріп отырғанымыздай 1933 жылдың бастапқы айларында Қазақстан бойынша балалар үйлері мен ондағы балалар саны бойынша толық мәліметтер жоқ, тек 1933 жылдың тамыз айында балалар үйімен қамтылған балалар саны 61000 құраған. Бұл басқа облыстармен салыстырғанда Қазақстанның балалар панасыздығы бойынша бірінші орында болғанын көрсетеді. Бұл Қазақстанда аш және жетім балалардың саны жоғарыда аталған басқа өлкелер, өңірлер мен облыстарға қарағанда бірнеше есе көп болғанын дәлелдейді. Бұл тек қана тіркелгендерінің ғана саны болып табылады, Ал, тіркелмей, балалар үйлерінде орын болмай далада аш-жалаңаш қалып, аштықтан, суықтан өлгендер де болғанын естен шығармауымыз керек. Бұл мәліметтер ашаршылық кезінде басқа ұлттарға қарағанда қазақтардың соның ішінде қазақ балаларының қатты зардап шеккендігін айқындай түседі.

#### Қорытынды

Сонымен, 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орталық Қазақстандағы панасыз балалар мәселесін қарастыру барысында келесі қорытындыларға келдік:

- КСРО-да балалар панасыздығымен күресу бойынша шаралар 1920-шы жылдардан бастап жүргізілді, арнайы құрылған органдар панасыз балалар мәселесімен айналысты;
- 1930-шы жылдардағы ашаршылық қоғамның ең әлсіз мүшелері балалар тағдырына да өшпес із қалдырды;
- Балалар панасыздығымен күресу шаралары туралы мәліметтер архив құжаттарында сақталған түрлі органдардың, атқару комитеттерінің мәлімдеме жазбалары, түсіндірме жазбалары, жеделхаттарында қарастырылған;
- Аштық көлемінің ұлғаюымен балалардың панасыздығы да өсіп, аштықтан халық босып шекаралас аумақтарда Батыс Сібір, Еділ т.б аумақтарында да панасыз қалған қазақ балаларының жағдайы өткір проблемаға айналды;
- БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюросының 1932 жылдың 2 шілдедегі «Қазақстандағы жаппай аштық туралы» қаулысында ғана панасыз балалар санының орасан зор өсуі атап өтіліп, 1932 жылдың 1 қаңтарынан 1932 жылдың 1 маусымына дейінгі аралықта олардың саны 7 мыңнан 35 мыңға дейін өскенін көрсетіледі;

- Өлкелік комитет панасыздықты жою міндетін барлық бұқаралық және қоғамдық ұйымдардың, әсіресе кәсіподақтардың, комсомолдардың және әйелдер делегаттарының назарында болуы тиіс міндет деп санады;

- 1932 жылдың үш айында (наурыз-мамыр) Қазақстан аумағында 79 балалар үйі (9834 бала қабылданған), оның ішінде Қарағанды облысында 18 балалар үйі ұйымдастырылып, 1617 бала қамтылды;

- Жергілікті жерлерде де құрылған облыстық балалар комиссиясы ұйымдары панасыз, қараусыз қалған балаларды тіркеуге алып, оларды балалар үйіне орналастыру жұмыстарын жүргізіп отырды;

- Қарағанды облысы аудандары бойынша 1932 жылдың шілдесінде тіркеуде тұрған панасыз балалар саны 12674 болған, олардың жастық құрамы бойынша 4 жастан 8 жасқа дейінгі балалардың саны жоғары, ал ұлттық құрам бойынша панасыз қалған балалардың басым бөлігі қазақтар болған (69 %);

- Аштық салдарынан Қарағанды облысының Жаңаарқа, Нұра, Қарқаралы аудандарында да панасыз балалар мәселесі туындап, оларды балалар үйіне орналастыру бойынша жұмыстар жүргізілді;

- Балалар үйіне орналастырылған балалардың жағдайы, азық-түлік жетіспеуі, азық-түліктің дұрыс бөлінбеуі, балалар арасындағы жұкпалы аурулардың таралуы нәтижесінде олардың жағдайы ауыр болды, балалар өлімі жоғары деңгейде болды;

- 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезеңінде балалардың панасыздығы мәселелері түпкілікті шешімін тапқан жоқ;

- Республикада панасыз және қараусыз қалған балаларды анықтау жұмыстары қысқа мерзімді сипатта болды;

- 1930-шы жылдары Орталық Қазақстанда ашаршылық соншалықты ауқымды болғандықтан панасыз, далада қараусыз қалған балалардың барлығын тіркеп, орналастыру мүмкін болмады;

- Балаларды азық-түлікпен, киіммен және керек-жарақтарымен қамтамасыз ету мәселелері басты міндеттер болып қала берді;

-1930-шы жылдары Орталық Қазақстанда ашаршылық панасыз, қараусыз балалар санының күрт өсуіне ықпал етті.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника: сб. док. — Т. 3.: 1932–1934 / отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. — Алматы: Атамұра, 2021. — 1028 с.
- 2 Голод в СССР. 1929–1934: [В 3-х т.]. — Т. 1: 1929–июль 1932. — Кн. 2. — М.: МФД, 2011. — 560 с.
- 3 Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві (әрі қарай — ҚР ОМА). — 30-қ. — 7-т. — 108-іс. — 58–60-п.
- 4 Гони́мые голодом: сб. док. // сост. Е.Б. Сыдыков. — Семей, 2010. — 693 с.
- 5 ҚОМА. — 822-қ. — 3-т. — 3-іс. — 90–91-п.
- 6 Камерон С. Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана / С. Камерон. — М.: Новое литературное обозрение, 2020. — 490 с.
- 7 Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Р. Киндлер. — М.: Полит. энцикл., 2017. — 382 с.
- 8 ҚОМА. — 76-қ. — 1-т. — 26-іс. — 5-п.
- 9 ҚОМА. — 15-қ. — 1-т. — 22-іс. — 60-п.
- 10 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931–1933 гг.: сб. док. и материалов / вступ. ст. и сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каирғалиев, В.П. Осииов, Ю.И. Романов. — Алматы: Фонд «XXI век», 1998. — 263 с.
- 11 Орталық Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық: архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы = Голод 1931–1933 годов в Центральном Казахстане: сб. архив. док. и воспом. / Құраст.-сост.: З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманова, Ж.Ж. Ибраимова т.б.; жауапты ред. Н.О. Дулатбеков. — Қарағанды, 2022. — 461 б.
- 12 Нұра ауданының мемлекеттік архивы. — 422-қ. — 1-т. — 11-іс. — 9-п.
- 13 ҚОМА. — 822-қ. — 3-т. — 7-іс. — 100-101-п.
- 14 Шет ауданының мемлекеттік архивы. — 265-қ. — 1-т. — 216-іс. — 3-4-п.
- 15 ҚОМА. — 76-қ. — 1-т. — 10-іс. — 11-12-п.
- 16 ҚОМА. — 3-қ. — 1-т. — 45-іс. — 86-п.
- 17 ҚОМА. — 1-қ. — 1-т. — 57-іс. — 20-п.
- 18 Беспризорность на Урале в 1929–1941 гг.: сб. док. и материалов / сост. Г.Е. Корнилов, И.А. Лаврова. — Екатеринбург, 2009. — 736 с.

З.Г. Сактаганова, Т.К. Сакабай

## Проблемы детской беспризорности в период голода 1930-х годов в Центральном Казахстане

В статье на основе архивных материалов исследована история детской беспризорности в Центральном Казахстане, получившее распространение в период голода 30-х годов XX века. Авторы, изучив основные причины распространения детской беспризорности в Центральном Казахстане в 1930-е гг., рассматривают основные меры, способы государственной власти в решении проблем с детской беспризорностью и такие меры государственной власти, как создание на местах центров питания для детей, обеспечение их продовольственными товарами и одеждой, распределение денежных средств, а также особое внимание уделяется проблемам открытия детских домов и условиям содержания в них беспризорных детей. Авторы приходят к выводу, что голод стал основной причиной резкого роста детской беспризорности в Центральном Казахстане в 1930-е гг.

*Ключевые слова:* детская беспризорность, 1931–1933 гг. голод, Центральный Казахстан, детский дом, меры по борьбе с детской беспризорностью, детская смертность, оказание помощи.

Z.G. Saktaganova, T.K. Sakabay

## Problems of child homelessness during the famine of the 1930s in Central Kazakhstan

In the article based on archival materials the history of child homelessness in Central Kazakhstan was examined, which became widespread during the famine of the 30s of the twentieth century. The authors, studying the main causes of the spread of child homelessness in Central Kazakhstan in the 1930s, consider the main measures and methods of state power in solving the problem of child homelessness. The authors consider such measures of state power as the creation of local nutrition centers for children, provision of food and clothing, distribution of funds, as well as special attention is paid to the problems of opening orphanages and the conditions of detention of street children in them. The authors conclude that hunger was the main reason for the sharp increase in child homelessness in Central Kazakhstan in the 1930s.

*Keywords:* child homelessness, 1931–1933 famine, Central Kazakhstan, orphanage, measures to combat child homelessness, child mortality, assistance.

### References

- 1 (2021). Aşarşylyq. Golod. 1928–1934. Dokumentalnaia khronika: Sbornik dokumentov [Hunger. 1928–1934. Documentary chronicle. Collection of documents]. Almaty: Atamura [in Russian].
- 2 (2011). Golod v SSSR. 1929–1934 [Famine in the USSR. 1929–1934]. Moscow: MFD, 3 [in Russian].
- 3 Qazaqstan Respublikasynyn Memlekettik arkhivi [Central Archive of the Republic of Kazakhstan]. — 30-q. — 7-t. — 108-is. — 58–60 p. [in Kazakh].
- 4 Sydykov, E.B. (Comp.). (2010). Gonimye golodom: sbornik dokumentov [Driven by hunger: collection of documents]. Semei [in Russian].
- 5 Qazaqstan Respublikasynyn Memlekettik arkhivi [State Archives of the Karaganda Region]. — 822-q. — 3-t. — 3-is. — 90–91 p. [in Kazakh].
- 6 Kameron, S. (2020). *Golodnaia step. Golod, nasilie i sozdanie sovetskogo Kazakhstana* [The Hungry Steppe. Hunger, violence and the creation of Soviet Kazakhstan]. Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie [in Russian].
- 7 Kindler, R. (2017). *Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane* [Stalin's nomads: power and hunger in Kazakhstan]. Moscow: Politicheskaiia entsiklopediia [in Russian].
- 8 Qazaqstan Respublikasynyn Memlekettik arkhivi [State Archives of the Karaganda Region]. — 76-q. — 1-t. — 26-is. — 5 p. [in Kazakh].
- 9 Qazaqstan Respublikasynyn Memlekettik arkhivi [State Archives of the Karaganda Region]. — 15-q. — 1-t. — 22-is. — 60 p. [in Kazakh].
- 10 Aldazhumanov, K.S., Kairgaliev, M.K., Osiiov, V., & Promanov, Yu.I. (Comp.). (1998). *Nasilstvennaia kollektivizatsiia i golod v Kazakhstane 1931–1933 gg.* [Forced collectivization and famine in Kazakhstan 1931–1933: collection of documents and materials]. Almaty: Fond «XXI vek» [in Russian].
- 11 Saktaganova, Z.G., Abdrakhmanova, K.K., & Ibraimova, Zh.Zh. (Comp.). (2022). *Ortalyq Qazaqstandagy 1931–1933 zhyldardagy ašarşylyq: arkhivtik quzhattar men estelikter zhinagy = Golod 1931–1933 godov v Tsentralnom Kazakhstane: sbornik arkhivnykh dokumentov i vospominanii* [The Famine of 1931–1933 in Central Kazakhstan: A Collection of Archival Documents and Memories]. Karaganda [in Kazakh, in Russian].

- 12 Nura audanynyn memlekettik arhivy [Nura district state archive]. — 422-q. — 1-t. — 11-is. — 9 p. [in Kazakh].
- 13 Qazaqstan Respublikasynyn Memlekettik arkhivi [State Archives of the Karaganda Region]. — 822-q. — 3-t. — 7-is. — 100-101 p. [in Kazakh].
- 14 Shet audanynyn memlekettik arhivy [State archive of Shet district]. — 265-q. — 1-t. — 216-is. — 3-4-p. [in Kazakh].
- 15 Qazaqstan Respublikasynyn Memlekettik arkhivi [State Archives of the Karaganda Region]. — 76-q. — 1-t. — 10-is. — 11-12 p. [in Kazakh].
- 16 Qazaqstan Respublikasynyn Memlekettik arkhivi [State Archives of the Karaganda Region]. — 3-q. — 1-t. — 45-is. — 86 p. [in Kazakh].
- 17 Qazaqstan Respublikasynyn Memlekettik arkhivi [State Archives of the Karaganda Region]. — 1-q. — 1-t. — 57-is. — 20 p. [in Kazakh].
- 18 Kornilov, G.E., & Lavrova, I.A. (2009). Besprizornost na Urале v 1929–1941 gg.: sbornik dokumentov materialov [Homelessness in the Urals in 1929–1941. Collection of documents and materials]. Yekaterinburg [in Russian].

### Авторлар туралы мәліметтер

**Сактаганова Зауреш** — т.ғ.к., археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>

**Сақабай Толқынай** — PhD докторант, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0002-0042-9168>

### Information about the authors

**Saktaganova Zauresh** — Doctor of historical sciences, professor of the Department of Archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

**Sakabay Tolqynay** — PhD student, Department of Archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.

Zh. Tashtanov <sup>\*1</sup>, Vezhikhi Sefa Fut Hekimoglu <sup>2</sup>

<sup>1</sup>*M. Auezov South Kazakhstan University Shymkent, Kazakhstan;*

<sup>2</sup>*Kutahya Dumlupinar University, Kutahya, Turkey*  
(E-mail: [z\\_tashtanov@mail.ru](mailto:z_tashtanov@mail.ru); [sefafuat@hotmail.com](mailto:sefafuat@hotmail.com))

## Methodological foundations of the study of everyday history (on the example of Sayram district in the 30–60s of the XX<sup>th</sup> century)

The article is devoted to the analysis of methodological foundations of one of the modern trends in historical science — the history of everyday life on the example of Sairam district. The authors attempt to analyse the achievements of representatives of foreign and domestic historiography in determining the conceptual and methodological foundations of the history of everyday life. As a result of the analysis of scientific problems of the article the author comes to the conclusion that the works of foreign and Kazakhstani authors in general positively assess the heuristic abilities of the new methodological approach in the study of everyday life of a certain city, district, society and an individual person. Also, the object of scientific interest of the author became the subjects of socio-economic history and everyday life of citizens of Sairam district in 30–40 years of the twentieth century. This chronological period is of particular interest from the point of view of studying the process of transformation of everyday life of the population of Sairam district. Since it is in this period, along with the already rooted traditions in the everyday life of the population began to appear elements of a new life space. These changes were caused by collectivization, which began with confiscation of cattle, property and personal property from the Bai, further, changes in the territorial structure of the district, development of construction industry, etc.

*Keywords:* history, history of Kazakhstan, everyday history, history of Sairam district, Soviet Union, collectivization.

### Introduction

In recent years, the history of everyday life has become the most popular field of research in the modern social sciences, especially history. Moreover, everyday life has firmly established itself as a serious academic study. In Soviet historiography, the attention of scientists was focused on the study of the major military-political, socio-economic events of the period. And the issues of the “life-world” of the common human were developed as illustrative material for global historical events, or were not studied at all. In this direction, the most important studies are those related to the study of social problems of social development, especially the reflection of the facets of everyday life: the world of people, private histories, the socialization of personality, the behaviour of people in various extreme situations, etc. After all, man is an integral part of a vast socio-cultural world, and the study of the internal motivations of human activity, of emotional reactions to certain events, allows us to judge the peculiarities of the mental structure of society at a certain chronological stage.

It should be noted that the relevance of the research topic is determined by the increased scientific interest in the problems of social history in recent years, the separation of the history of everyday life into a branch of historical knowledge, and the history of everyday life in cities (districts) into an independent direction of modern domestic historical science. Urban everyday life, as in a mirror, reflected the peculiarities of the reforms carried out in the country. Looking at historical processes through the prism of everyday life of a particular region allows to show the diversity of the general historical process, to enrich historical science with new specific facts and events. The relevance of the topic is also determined by the regional approach. A comprehensive study of the history of everyday life in the Sayram district during the period under consideration has not been carried out, without which our understanding of the region’s past is incomplete.

The knowledge of traditions, peculiarities of historical experience in the organization of everyday life of Sayram district will allow to solve many social problems of modern society by mechanisms that best take

---

\* Corresponding author’s e-mail: [z\\_tashtanov@mail.ru](mailto:z_tashtanov@mail.ru)



into account regional specifics. All this shows the importance of studying the everyday life of Sayram district.

### *Research methods*

The methodological basis of this article is the scientific principles of objectivity and historicism, based on the recognition of the variability of the historical process. The study is based on the principles of critical interpretation of sources, systematization and comparative analysis of data. A comprehensive approach to the study of the scientific problem required the application of methods of system analysis and microanalysis, comparative, chronological and evaluation methods.

### *Discussion*

Everyday life is a relatively new branch of historical research, the subject of which is human in his everyday life, in its activities in historical-cultural, political, ethnic and other directions. The problem of the study of everyday life requires the consideration not only of historical historiography, but also of studies in other sciences. In the beginning, philosophers were not so much concerned with the history of everyday life as with its everyday aspect. They were concerned with the problem of human existence, the problem of human perception of the world, the problem of human adaptation to society. The concept of “everyday life” first appeared in the works of A. Schütz [1]. He saw it as “the world of human immediacy”. The study of the history of everyday life can be based on the phenomenological approach of E. Husserl (lifeworld). The American sociologists P. Berger and T. Lukman were the first to introduce the concept of “everyday world” into scientific circulation. They raised the question of the language of “everyday encounters”, of the ways of “memorizing typical everyday actions”, thus giving impetus to the concepts of social construction of identities, gender, disability, psychiatry, etc. Another way of analyzing everyday life was developed by the American sociologists A. Sicurel and G. Garfinkel. They studied not only the actions of individuals in social processes, but also the role of their experiences and thoughts. This allowed them to lay the foundations of the sociology of everyday life (or ethnomethodology), which aims to discover the methods used by people in society to carry out everyday actions by analyzing the rules and prejudices that exist in society, the interpretation by “some” people of the speech, behaviour and gestures of “others” [2].

Another American sociologist from Stanford University, Mark Granovetter, shows that urban everyday life is actually a “force of weak ties” [3; 31]. According to him, weak ties are the most important factor in a person’s occupational and career mobility. Moreover, it is the communication in the network of weak ties that is the most informative. Strong ties are the ties of formalized communities, family, close friends and others. It can be said that a city is a set of positive and negative qualities. These qualities reflect the level of development of the human community, its traditions and needs. Each individual city and each individual citizen are inextricably linked by social relationships. This interaction creates a special everyday atmosphere that surrounds us. The modern city is subject to constant changes, qualitative changes that determine the internal and external environment of a person [2].

The German classic Georg Simmel gave a special dimension to the theme of “urban everyday life”. For him, the city dweller is above all neurotic. “The psychological basis of the individuality of a large city is the heightened nervousness of life, resulting from the rapid and constant change of external and internal impressions” [4].

Thus, everyday life as a phenomenon is of great interest in the global scientific environment. In Western historiography, the study of everyday life is one of the popular trends, the interest in which arose after the so-called anthropological turn in history in the 60–70s of the XX century. First of all, the study of the history of everyday life within the framework of a new direction — microhistory — is connected with the advanced ideas of the representatives of the French school of annals M. Blok and L. Fevr [5, 6]. Later it was their follower F. Brodel, who for the first time defined the importance of the material world and its reflection in the everyday life of people in history [7], who purposefully addressed the problem of everyday life. The great merit of F. Brodel is the development of a universal methodology for the study of the history of everyday life, which has not lost its relevance for more than half a century. The study of the material side of people’s everyday life is still carried out on the basis of the structure of everyday life defined by F. Brodel.

It should be noted that the most comprehensive statement on the content of the concept of “everyday history” to date was made by the Russian researcher N.L. Pushkareva: “The history of everyday life is a branch of historical knowledge, the subject of which is the sphere of human everyday life in its historical and cultural, political and event-related, ethnic and confessional contexts”. The focus of the history of everyday

life is “the reality that is interpreted by people and has a subjective meaning for them as a whole life world”, a comprehensive study of this reality (life world) of people of different social strata, their behaviour and emotional reactions to life events [8].

The history of everyday life is a relatively new direction in Kazakhstan history. While in the 1990s there were practically no studies that focused on the problems of everyday life, in the 2000s local history studies devoted to everyday life in individual regions of Kazakhstan began to appear. Thus, the researches of Z.G. Saktaganova [9], K.K. Abdrakhmanova [10], M.M. Kozybaeva [11], E.A. Kozachenko [12] were devoted to the study of urban everyday life. The everyday life of the Kazakh population in the late 18th and early 20th centuries is reflected in the work of N.H. Dzhumaniyazova [13]. The study of the everyday life of the “special contingent” in Kazakhstan was studied by D.U. Khamidullina [14]. These studies reflect the life and everyday life of the Kazakh people in different historical periods.

Moreover, the analysis of existing studies shows that many aspects of everyday life remain understudied. For example, the study of everyday life at the micro level involves the study and description of everyday life in the context of representatives of different age, occupational, gender and other social groups, and such a perspective is not yet practiced in Kazakh research. This approach to research cannot be ignored. After all, the study of microhistory is important not least because this methodological approach to the reconstruction of the past is of great historical significance, and the results of the research can have practical significance — the analysis of the everyday life of individual social groups allows to identify hidden trends in this environment, and gives an opportunity to prevent their negative consequences.

An important feature of the methodology of the history of everyday life is the coexistence of two approaches to understanding everyday life. The first approach considers everyday life as a reconstruction of the mental macro-context of the history of events, an approach attractive to philosophers and cultural historians; the second — as an application of the methods of micro-historical analysis, shared by sociologists and most historians. Microhistory as a method of history prevails among German researchers of everyday life. A number of Italian historians, such as K. Ginzburg, D. Levi, supported this interpretation of the history of everyday life, created a journal and started the scientific series “Microhistory”. In the 1990s, the German-Italian school of micro-historians was extended by American researchers of the past [15].

There are many definitions of microhistory, with which local history is primarily associated. Almost every author of works on microhistory gives a different definition of his subject. “Event history” (as in F. Brodel), “local history” (L. Gonzalez y Gonzalez), “small history” (Richard Cobb). “The most common is the following: microhistory — as a historiographical trend that studies the past social reality on the basis of microanalytical approaches, including both the choice of research objects and the corresponding methods (theoretical and empirical tools)” [16]. An important feature of microhistory or, in our case, local history, is a change in the scale of the study: researchers use microanalysis to see the essential features of the phenomenon under study as if under a magnifying glass. Microanalysis allows us to see the refraction of general processes “at a particular point in real life”.

The history of everyday life is thus another attempt to understand history as a multifaceted process, reproduced and transformed by those who are at once the object and the subject of history. The traditional historian seeks to use a reliable source in his research without distortion, while the historian of everyday life seeks to read the text more carefully in order to reflect on the circumstances of the ideas expressed in it. Such a methodological approach makes it possible to penetrate the meaning of what is expressed and to take into account hidden meanings that have accidentally emerged from the depths of consciousness. The history of everyday life studies not only everyday life but also people’s everyday consciousness and behaviour, using the psychological technique of feeling to interpret other people’s thoughts and words, giving them its own “translation”. When studying everyday life, it is important to combine methods used at both the micro and macro levels of historical research. The study of people’s everyday lives, therefore, involves a number of methodological problems: it is difficult to generalize mutually exclusive data that reveal the internal heterogeneity and changing dynamics of the course of people’s everyday lives. The history of everyday life studies reality as such and people’s perceptions of it.

Sayram is one of the oldest settlements in Kazakhstan. It lies in the valley between Talas and the middle reaches of the Syr Darya. Today, the center of this valley and the whole of southern Kazakhstan is the city of Shymkent. But in the Middle Ages, the main city there was Sayram — Isfijab — Akkala. It stood at the easternmost point of the Silk Road and was the eastern gateway to Turkestan. It was an amazing city that perished and rose again many times, changing its name with each reincarnation, reflecting like a mirror the ethno-cultural changes in the region.

During the Middle Ages, Sayram had a significant influence on the spread of Islam in the south. The birth and maturation of Ahmet Yassawi, who was a major contributor to the Islamic movement in Sayram, and the location of the graves of his parents, Ibrahim and Karashash, in the region speak volumes. The Sayram area also witnessed the invasion of the Kokan Khanate [17; 27]. As a result of Soviet collectivisation and repression, as well as the indiscretions of local activists, the region suffered serious consequences. In January 1928 the Belovodsky district was created as part of the Syr Darya district. In December 1930 it was renamed the Mankent-Sayram district, and in 1935 it became the Sayram district. According to the Kazkhoz plan of 1 June 1930, the district had 6771 hectares and 36255 inhabitants. The centre of the district was Aksu village until 1930, then Mankent until 1935, and finally Sayram village. Sayram had over 2000 farms with over 10,000 people. The district lies along the Mashat, Sayramsu, Badam and Arys rivers [18; 34].

Archive documents show that the Belovodsk district consisted of 5 villages, 3 village councils and 7 collective farms. The farms grew wheat, barley, oats, cotton, alfalfa, potatoes, vegetables and melons. In the mountainous areas and on the steppes beyond Arys, sheep-breeding was successfully developed, especially the breeding of Merino sheep. The local population mainly kept dairy cows. The milk was transported to the town for sale.

In terms of population, Sayram district was the largest in Syrdarya district. The district was run by the district party committee, the district council of workers' deputies and its executive committee. The court, the prosecutor's office and the police reinforced the internal order of the state. Youth affairs were administered by the Komsomol, and women's affairs by the Women's Council. The interests of the poor and working class were defended by the local organization created under the trade union "Kosshy". Its representatives, activists and groups of red agitators were also present in other districts. Under the leadership of the district party committee, they formed a united and strong political system. In the years following the October Revolution, the Soviet power enjoyed great authority among the people, especially among the poor, as the representative of the interests of the workers and peasants, the disadvantaged and the humiliated, as the representative of the end of the exploitation of man by man, of slavery and oppression, as the social formation that established universal equality and justice, and as the herald of a bright and happy future. The party relied on the authority of the new government. To strengthen its political position, it exploited the accumulated class hostility and intransigence of the people.

Of particular political importance was the collectivization that took place in the 1920s and 1930s, which began with the confiscation of cattle, property and personal belongings from the Bai. It is historically reliable that this political campaign was often violent on the ground. The chronicles of Aul tell of activists taking everything from the locals, even poultry.

Египет тарихнамасында Мухаммед Алиге қатысты заманауи Египет мемлекетінің негізін қалаушы деген ресми атақ 1905 жылы оның билікке келуінің 100 жылдығына орай берілген. Египет тарихшылары Мухаммед Алиге реформатор, елдегі модернизациялық үдерістердің негізін қалаушы деген баға береді [11]. Сонымен қатар, француздық зерттеуші Роберт Соле пікірінше, Египеттің заманауи тарихы Наполеон экспедициясынан бастау алады және мамлюктердің тираниялық жүйесінің ыдырауына, сонымен қатар, Мухаммед Алидің XIX ғасырда аймақтық державаны құруына жол ашқан француздардың жорығы болып табылады [14; 116]. Дегенмен, зерттеулердің ішінде Мухаммед Али Египетте ешқандай жаңа реформалар жүргізген жоқ және француздардың Египетке кіргенінен бұрын Осман империясындағы басталған әскери, экономикалық, білім және қоғамдық салалардағы түбегейлі өзгерістерді қамтитын сұлтан Селим III (1761-1808) «Низам-ы Джемид» (жаңа тәртіп) реформаларының желісіндегі бетбұрыстардың заңды жалғасы деп таниды [19]. Х.Э. Ривлин зерттеуінде, Мухаммед Али өзінің билігі кезеңінде барлық күш жігерін жаңа қоғамды құруға емес, Египеттегі билігін нығайтуға жұмсады деп жазады және француздық ғалымдар, Батысты Египет туралы білімдермен жабдықтауда үлкен рөл атқарғанымен, француздардың египеттіктерге ықпалын асыра бағалау дұрыс емес, деген пікірді алға тартады [20].

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Египеттің даму тарихына талдау жасау арқылы, соңғы пікірлердің дискуссиялық сипатта екендігін айқындау маңызды. Себебі, Селим III кезеңінде басталған реформаларының жалғасы деп танысақ, неліктен Осман империясының басқа да араб провинцияларында Египет сияқты табысты реформалар жүзеге аспады? деген мәселелер туындайды. XIX ғасырда Мухаммед Али билігі кезеңіндегі Египет Осман империясының құрамындағы, дербес армиясы құрылған мемлекет ретінде дамығандығы да тарихи факт. 1848 жылға дейін билік құрған Мухаммед Али табысты реформаларының нәтижесінде Египетті әскери күші дамыған аймақтық державаға айналдырды және Египет Осман империясының құрамындағы, дербес армиясы құрылған орталықтандырылған мемлекет ретінде дамыды.

Елді модернизациялауға бағытталған реформаларды жүргізу барысында Мухаммед Али, еуропалық елдердің мәдени, саяси және экономикалық көмегіне жүгінді. Францияның және Ұлыбританияның саясатын тек отарлық және қанаушылық ұстаным тұрғысынан қарастыруға болмайтындығын, Мухаммед Али кезеңіндегі Египеттің ғылымы мен білімін дамыту үрдісі айқындайды. Француз экспедициясы және одан кейінгі ағылшындардың саясаты египеттіктердің Батыс әлемімен мәдени қатынасын дамытуға ықпалын тигізді. Мухаммед Али билігі кезеңінде Египет жастарын еуропа елдеріне білім және ғылымды меңгеруге жіберу дәстүрі қалыптасты, нәтижесінде, ғылым мен техника саласында Египеттің ұлттық көрнекі өкілдері қалыптасты. Атап айтқанда: атақты египеттік инженер, математик, 1826 жылы Францияға оқуға жіберілген, отанына қайта оралғаннан кейін 1840 жылы араб тілінде алгебра және геометрия бойынша оқулықтар шығарған Мухаммед Баюми эфенди†, Францияда 10 жыл оқып келгеннен кейін Египеттік артиллерия

\* Паша – Осман империясы билігі кезеңіндегі Египеттің саяси жүйесіндегі жоғарғы титул

† Эфенди – Осман империясы билігі кезеңіндегі титул және офицерлік шен

училищесінің директоры қызметін атқарған Мухаммед Музаффар-паша, Францияда білім алған инженерлер Ибрагим Рамазан-бей\*, Ахмад Дакла-бей, Ахмад Таил эфенди, Ахмад-бей ас-Сабки, Каир темір жолының бас инженері Хасан-бей Нуруддин. Францияда білім алған Египет медицина саласының көрнекті өкілдері: Каср ал-Айн ауруханасының бас дәрігері болған хирург Мухаммед Али Бакли-паша, Аббас пашаның жеке дәрігері болған Ибрагим бей ан-Набрави, атақты египеттік дәрігер Ахмед Хасан аль-Рашиди, медицина мектебінің директоры қызметін атқарған Мухаммед аш-Шабаси –бей. Мемлекеттік басқару саласында: XIX ғасырдың екінші жартысындағы Египет билеушісі болған хедив Исмаил, адмиралдар Усман Нуруддин-паша, Хасан-паша ал-Искандарани, Мухаммед Шунан-бей, Махмуд Нами-бей, Мухаммед-бей Рагиб және египеттік ағартушы Рафаа-бей Рафии ат-Тахтави [11; 32]. Сонымен қатар, елдің медицина саласын дамытуда француздық ықпал жоғары болды, бұл саланың дамуында Франциядан шақырылған мамандар үлкен рөл атқарды. 1825 жылы Египетке келген Клот бей деген есіммен танымал Антуан Бартелеми Клоға (1793-1868) 1830 жылы Египетте орын алған сүзек эпидемиясымен күрестегі белсенді рөлі үшін «бей» деген титул және 1835 жылы бригадалық генерал әскери шені беріледі.

Осман империясына балама аймақтық держава құруға ұмтылған Мухаммед Алидің алдында екі маңызды міндетті тұрды. Біріншісі елдегі мамлюктердің билігін толығымен қирату болса, екіншісі, еуропалық елдердің Египетті жаулап алуына жол бермеу. Бірінші міндетті толықтай табысты жүзеге асырғанымен, XIX ғасырда қалыптасқан әлемдік тәртіптің ерекшелігіне орай, екінші міндетті шешу күрделілігімен ерекшеленеді. Мухаммед Али кезінде, еуропалық елдер Египетті басып алмағанымен, француз — ағылшын бәсекелестігі шеңберінде, экономикалық түрде басқаруға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылды.

Мемлекеттің тәуелсіздігі заманауи армия құрумен тікелей байланысты екендігін жақсы түсінген Мухаммед Али реформалар кешені аясында әскери салаға ерекше маңыз бөлді. Біріншіден, Осман империясына тәуелді жағдайдан шығуға бағытталса, екіншіден, Египетке еуропалық державалар тарапынан төнген отарлық жаулап алу саясатына тосқауыл мақсатында болды. Мухаммед Али әскери ғылымның тек қана Батыс әлеміне ғана тән сала емес екендігін, Шығыс халықтары да әскери реформаларды жүргізу арқылы күшті армия құруға қабілетті екендігін түсінді. Армияны құру барысында елдің басшысы француздардың тәжірибесі мен мамандарының көмегіне жүгінеді. Сулейман-паша аль – Франсауи деген атпен белгілі француздық әскери Джозеф Антельм Севе (1788-1860) елдің армиясын құру ісінде үлкен еңбек сіңірді.

1820 жылға қарай Мухаммед Али Египетте мықты армия құру бойынша мақсатына жетті, осының көрінісі ретінде 1820-1822 жылдардағы әскери жорық нәтижесінде Суданды және 1823-1824 жылдарда Крит аралдарын жаулап алуын қарастырамыз. 1827 жылы Египет және Түркия арасында басталған саяси қайшылықтар 1831 жылы соғысты тудырды, нәтижесінде Мухаммед Али Палестинаны, Сирияны, Киликияны басып алғаннан кейін, Осман сұлтанынан Сирияның билеушісі деген лауазымды талап етеді. Сұлтан келіспегеннен кейін, Мухаммед Али 1832 жылы Акканы, Хомсты жаулап алады. Түркияға Ресей империясы көмекке келіп, 1833 жылы Босфорға жеткен орыс әскерлері египеттік армияны тоқтатады. Осы кезеңде Осман империясына Ресейдің ықпалы артып кетуінен қаймыққан Ұлыбритания мен Францияның араласуымен 1833 жылы мамыр айында Кютахия бітімшартына қол қойылады. Нәтижесінде, сұлтан шығарған жарлықтың негізінде Сирия, Палестина және Адан пашалығы Мухаммед Али бақылауына өтеді, ал ол өз кезегінде өзін Осман империясының вассалы деп мойындайды. Алайда, Египеттің күшеюіне, сондай-ақ Түркия мен Ресейдің одақтастығына алаңдаушылық білдірген Ұлыбританияның саяси араласуының нәтижесінде 1839 жылдың жазында түрік әскерлері Египетке қарсы жаңа әскери жорықты бастады. Мухаммед Алидің ұлы Ибрахим пашаның 1839 жылы 24 маусымда Незиб шайқасында түрік әскерін жеңуі, 1840 жылы халықаралық саясатта «Египет мәселесі» деп аталатын дағдарысты тудырып, Осман империясы, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Австрия және Пруссия қол қойған 1840 жылғы Лондон конвенциясы бойынша, Египет Осман империясының құрамында қалғанымен, Лондон конвенциясына қатысқан алты еуропалық елдердің қаржылық бақылауына өтті. Аталған елдер, Египет қаржысын және сыртқы саясатын бақылайтын өз өкілдерін тағайындады. 1841 жылы сұлтан Абдулмажид (1839-1861) Египеттің өкілеттігін шектеу туралы жарлық шығарып, ол бойынша Египет және Шығыс Судан ғана Мухаммед Алидің иелігінде қалды. Египет билеушісі өзін сұлтанның вассалы ретінде мойындап, египеттік армия 200 мыңнан 18 мыңға дейін қысқартылды. Осылайша, «Египет мәселесінің» екінші

\* Бей – дворяндық титул және атақ

кезеңі Египеттегі сыртқы державалардың ықпалының күшеюіне және оның тәуелсіздігінің шектелуіне әкелді.

Мухаммед Алидің Осман империясына балама араб-мұсылман дәстүріндегі Египеттік империя құру туралы армандары, еуропалық елдердің ықпалымен және олардың саясатының негізінде жоққа шығарылды. Лондон конвенциясы еуропалық державалардың отарлық саясатының жаңа кезеңін айқындап, 1882 жылғы Ұлыбританияның протекторатына айналуының алғышартына негіз болды. Эдвард Саидтың ориентализм теориясы желісінде қарастырсақ, Шығысқа қатысты белсенді Батыстың өз нормаларын күшпен тануының көрінісі ретінде сипаттаймыз және Мухаммед Алидің идеялары мен Египеттің сол кезеңдегі өркендеуі мен құлдырауының бастамасын Батыс-Шығыс дискурсы арасындағы заңдылық деп танымыз. Егер де, сол кезеңдегі «Египет мәселесі» Мухаммед Алидің пайдасына шешілген кезде, қазіргі таңдағы Таяу Шығыстың саяси картасы да мүлдем басқаша болар еді.

Ал Мухаммед Алидің кезеңінде екі теңізді жалғастыру бойынша француздар тарапынан бірнеше рет ұсыныс түскенімен, бұл мәселе елдің тәуелсіздігінен айыратын фактор екендігін ұғынған Мухаммед Али ұсыныстарды қабылдамаған. В. Пикульдің еңбегінде, Мухаммед Алидің «Вольтер, Сен-Симон, Лейбниц, Монтескьерлердің Суэц каналы туралы пікірлері құнды болғанымен, біз бұл каналды ашатын болсақ, Ұлыбритания оның есігіне құлып салып, кілтін өз қалтасына тығады» [21; 5] деген пікірі берілген. Мухаммед Али дүниеден өткеннен кейін, оның мұрагері Саид — паша кезеңінде француздар Суэц каналының құрылысын бастауға рұқсат алады. Осы кезеңнен бастап, елдің еуропалық елдерге тәуелділігі басталады.

### *Қорытынды*

XIX ғасыр еуропалық ғылымда және саясатта, Египетті өзінің тарихын және табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануды білмейтін, елді дұрыс басқаруға әлеуеті жетпейтін ел және артта қалған Египетті еуропалық державалар ғана дамудың озық үлгісі желісіне түсіре алады деген көзқарас басым болды. Осы кезеңдегі еуропа елдерінің тарихи және саяси ойларында, Египетке даму прогресін еуропа елдерінің әкелгені және мемлекеттік құрылымдарды құрудың озық үлгісін көрсеткендігі дәйектеледі. Авторлардың пікірінше, бұл бір жақты ғана көзқарас, өйткені Наполеон жорығында бірге келген ғалымдардың ашқан жаңалықтары бұл Египет өркениетіне тиесілі дүние, Египет өркениетінің жемісі және Шығыс және Батыс елдерінің мәдени ықпалдастығының жарқын көрінісі.

Египеттегі барлық модернизациялық үрдістер және елдің дамуы еуропалық ғылыми-техникалық күштің көрінісі деген ойлар негізді болғанымен, Египеттегі XIX ғасырдағы білімнің, медицинаның, мемлекеттік басқару ісінің, әскери-теңіз саласының дамуы, университеттер мен мектептердің, инженерлік жоғары оқу орындарының ашылуы, Мухаммед Али құрған орталықтандырылған мемлекеттің табысты дамуы бұл пікірдің бір жақты екендігін көрсетеді.

Авторлардың пікірінше, Египеттің еуропалық державалардың нысанына айналуының негізгі себебі, елдің Қызыл теңіз және Жерорта теңізін жалғастырушы геосаяси маңызды аймақ екендігінен туындайды. Осы теңіздерді жалғастырушы Суэц каналының құрылысы туралы идеяны екі еуропалық ғылыми-идеологиялық үрдіс ретінде қарастырамыз. Біріншісі, адам санасының табиғи күштерді бағындыруы туралы көзқарастар. Бұл көзқарастар тұрғысынан, тұтас аймақтың табиғи ландшафтын өзгерту әлеуетіне ие Суэц каналының құрылысы ғылыми прогрестің шексіздігі және адам санасының күшін дәйектейтін еуропалық пікірдің көрінісі болып табылады. Екінші үрдіс, Египеттің ежелгі тарихын зерттеумен айналысқан еуропалық тарихшылар мен археологтардың фараон Нехо II кезеңінен бастап екі теңізді канал арқылы жалғастыруға болады деген тарихи деректерді табуымен байланысты. Заманауи әлемдік сауда үшін ерекше маңызға ие Суэц каналының ашылуы, Шығыстық тарихи деректер мен Батыстық технологиялардың ұштасуын айқындайды.

Мақалада қарастырылған уақыт аралығында Египеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы сыртқы қысымды бастан кешіргені айқындалды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Египет Осман империясының иеліктерінің ішіндегі ең дамыған провинциясы және тиімді геостратегиялық жағдайға ие ел ретінде ағылшын-француз отаршылдық бәсекелестігінің орталығына айналды. Египет мемлекеттілігінің іргетасын қалаған түбегейлі реформаларды жүргізген Мухаммед Алидің модернизациялық үрдістері және ұтымды сыртқы саясаты арқасында, ресми түрде Осман империясының құрамындағы, бірақ де-факто тәуелсіз Египет мемлекетін құрғандығы таихи факт және осы қадамдар еуропалық державалардың отарлық саясатына тосқауыл бола алды. Дегенмен,



Мухаммед Али кезеңінде басталған тарихи оқиғалар 1882 жылы Египеттің Ұлыбританияның протекторатына айналуын тудырды.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Cromer E.B. *Modern Egypt* / E.B. Cromer. — Macmillan, 1908.
- 2 Weigall Arthur E.P. Brome. *A history of events in Egypt from 1796 to 1914* / E.P. Arthur Weigall. — Blackwood, 1915.
- 3 Sladen D. *Egypt and the English: Showing British Public Opinion in Egypt upon the Egyptian Question* / D. Sladen. — Hurst and Blackett, 1908.
- 4 Фергюсон Н. Империя: чем современный мир обязан Британии / Н. Фергюсон; пер. с англ. К. Бандуровского. — М.: Астрель, 2013. — 560 с.
- 5 Piquet C. *Histoire du canal de Suez* / C. Piquet. — Perrin, 2009.
- 6 Marlowe J. *Anglo-Egyptian Relations 1800–1953* / J. Marlowe. — Cresset Press. — 1954.
- 7 Саид Э.В. Ориентализм. Западные концепции Востока / Э.В. Саид; пер. с англ. А.В. Говорунова. — СПб.: Русский мир, 2006. — 636 с.
- 8 Sanı Hamet E.B. *Orientalism: From Expeditions to Colonialisation* / E.B. Hamet Sanı // *Universal Journal of History and Culture*. — 2023. — 5 (2). — 159–177.
- 9 Lockman Z. *Orientalism and empire in Contending Visions of the Middle East* / Z. Lockman // *The History and Politics of Orientalism*. Cambridge University Press. — 2004.
- 10 Kennedy D. *Imperial History and Post-Colonial Theory* / D. Kennedy // *The Journal of Imperial and Commonwealth History*. — 1996. — 24 (3). — 345–363.
- 11 Ар-Рафии Абдаррахман. Аср Мухаммед Али / Абдаррахман Ар-Рафии. — Каир: Дар ал-маариф, 1989. — 595 с.
- 12 Батрик А.Х. Тарихуль Мисриина. Аср Мухаммеда Али уа нахдату Миср филь карниль тасиа ашара аль амматуль китаби (1805–1882) / А.Х. Батрик. — Каир: Дар ал-маариф, 1999. — 247 с.
- 13 Омар А.А. Дирасат фи тарих Миср аль хадиси уа аль муасири (1517–1952) / А.А. Омар. — Александрия: Дар ал-маариф жамаиа, 2000. — 472 с.
- 14 Solé R. *L'Egypte: passion française* / R. Solé. — Seuil, 1997.
- 15 Москалец О.В. Эволюция системы просвещения и образования в Египте в контексте социально-политических преобразований: XIX — 20-е годы XX в.: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.03 — «Всеобщая история»/ О.В. Москалец. — М., 2021. — 307 с.
- 16 Себастиани Ф.О.Б. Донесение консулу Бонапарте полковника Себастиани, бывшего в Египте и Сирии / Ф.О.Б. Себастиани; пер. Н. М. Карамзина // *Вестн. Европы*. — 1803. — Ч. 7. — № 4. — С. 314–323.
- 17 Ozavci O. *Dangerous Gifts. Imperialism, Security, and Civil Wars in the Levant, 1798–1864* [Electronic resource] / O. Ozavci. — Oxford University Press, 2021. — Access mode: <https://library.oapen.org/bitstream/handle/20.500.12657/50696/9780198852964.pdf?sequence=1>
- 18 Mortimer-Murphy K. *French and British Policy and Culture in Egypt 1798–1841: The Reign of Muhammad Ali and the Eastern Crisis: Doctor's thesis* / K. Mortimer-Murphy. — Flinders University, 2020. — [Electronic resource]. — Access mode: [https://flex.flinders.edu.au/file/93e0a4c4-29ea-4102-9ca6-bcd7680915be/1/Mortimer-Murphy2020\\_LibraryCopy.pdf](https://flex.flinders.edu.au/file/93e0a4c4-29ea-4102-9ca6-bcd7680915be/1/Mortimer-Murphy2020_LibraryCopy.pdf)
- 19 Bayoumi A. *Occidentalism in Late Nineteenth Century Egypt: Master's thesis* [Electronic resource] / A. Bayoumi. — Duquesne University, 2005. — Access mode: <https://dsc.duq.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1027&context=etd>
- 20 Rivlin Helen Anne B. *The Agricultural Policy of Muhammad Ali in Egypt* Rivlin [Electronic resource] / B. Anne Helen. — Harvard University Press, 1961. — Access mode: <https://archive.org/details/agriculturalpoli00rivl/page/n1/mode/2up>
- 21 Пикуль В. Этюды о былом / В. Пикуль. — М.: Изд-во ДОСААФ, 1989. — 640 с.

Ж.Е. Турекулова, М.У. Жумабеков, Э.С. Таукебаева

### **Проблемы взаимодействия Запад–Восток в контексте исторического развития Египта и политика европейских стран (первая половина XIX века)**

В статье рассмотрены основные направления политики европейских стран в Египте в контексте его исторического развития в первой половине XIX века. Современные политические процессы, происходящие на Ближнем Востоке, в основном сформировались в период эпохи колониализма, поэтому для осмысления исторических предпосылок политических конфликтов в ближневосточном регионе особое значение имеет изучение политики европейских держав, в том числе Франции и Великобритании в арабских странах в XIX веке. Проблемы, связанные с колониальной политикой европейских стран в Египте, являются предметом широкого массива исследований с исторической,

экономической и политической точки зрения. В научных работах, посвященных данной теме, интересы Франции и Великобритании в Египте рассмотрены преимущественно как политико-экономическое или политико-стратегическое направление. Вместе с тем исследование в контексте взаимовлияний Запада и Востока, в рамках колониальной модернизации и ориентализма, является дискуссионным и многоаспектным направлением, которое требует тщательного изучения. В связи с чем в статье проанализированы основные причины и направления политики Франции и Великобритании в Египте. Исследованы механизмы колониальной политики европейских стран, в том числе и пропаганды в научных и политических кругах, благодаря которым сформировались соответствующие политико-идеологические процессы. Рассмотрены основные причины, приведшие к оккупации Египта Великобританией. На основе новых методологических подходов исследована взаимосвязь колониальной политики и модернизационных процессов на Востоке.

*Ключевые слова:* Египет, колониальная политика, империя, ориентализм, оксидентализм, историческое развитие, социально-экономическое положение, идеология, внешняя политика, имперское мышление, парадигма «Запад–Восток».

Zh. Turekulova, M. Zhumabekov, E. Taukebaeva

### **Problems of east-west interaction in the context of the historical development of Egypt and the politics of european countries (first half of the 19th century)**

This article examines the main directions of the policies of European countries in Egypt in the context of its historical development in the first half of the 19th century. Modern political processes taking place in the Middle East were mainly formed during the era of colonialism, therefore, the study of the policies of European powers, including France and Great Britain policy in Arab countries in the 19th century is of particular importance in understanding the historical background of political conflicts in the Middle East region. The issues caused by the colonial policies of European countries in Egypt have been the subject of a wide array of studies from historical, economic and political perspectives. In scientific works devoted to this topic, the interests of France and Great Britain in Egypt are considered primarily as a part of political-economic or political-strategic direction. At the same time, research in the context of mutual influences between the West and the East, within the framework of colonial modernization and orientalism is a controversial and multifaceted area that requires careful study. In this connection, the article analyzes the main reasons and directions of the policies of France and Great Britain in Egypt. The article considers various colonial policy instruments along with propaganda in scientific and political circles, used by European countries, and by virtue of which the respective political and ideological processes were formed. The main reasons of Great Britain occupation of Egypt are revealed in this article. New methodological approaches are applied in order to scrutinise the correlation of colonial policy and modernisation processes in the East.

*Keywords:* Egypt, colonial policy, empire, orientalism, Occidentalism, historical development, socio-economic situation, ideology, foreign policy, imperial thinking, East-West paradigm.

#### References

- 1 Cromer, E.B. (1908). *Modern Egypt*. Macmillan.
- 2 Weigall, Arthur E.P. Brome (1915). *A history of events in Egypt from 1796 to 1914*. W. Blackwood.
- 3 Sladen, D. (1908). *Egypt and the English: Showing British Public Opinion in Egypt upon the Egyptian Question*. Hurst and Blackett.
- 4 Fergusson, N. (2013). *Imperiia: chem sovremennyi mir obiazan Britanii [Empire: how Britain made the modern world]*. (K. Bandurovskii, Trans.). Moscow: Astrel [in Russian].
- 5 Piquet, C. (2009). *Histoire du canal de Suez*. Perrin.
- 6 Marlowe, J. (1954). *Anglo-Egyptian Relations 1800–1953*. Cresset Press.
- 7 Said, E.V. (2006). *Orientalizm. Zapadnye kontseptsii Vostoka [Orientalism. Western concepts of the East]*. (A.V. Govorunova, Trans.). Saint-Petersburg: Russkii mir [in Russian].
- 8 Sani Hamet, E. B. (2023). Orientalism: From Expeditions to Colonialisation. *Universal Journal of History and Culture*, 5 (2), 159–177
- 9 Lockman, Z. (2004). Orientalism and empire in Contending Visions of the Middle East. *The History and Politics of Orientalism*. Cambridge University Press.
- 10 Kennedy, D. (1996). Imperial History and Post-Colonial Theory. *The Journal of Imperial and Commonwealth History*, 24 (3), 345–363.
- 11 Ar-Rafii, Abdarrakhman (1989). *Asr Mukhammad Ali [The era of Muhammad Ali]*. Cairo: Dar al-maarif [in Arabic].

- 12 Batrik, A.Kh. (1999). *Tarikhul misriina. Asr Mukhammada Ali ua nakhdatu Misr fil karnil tasia ashara al ammatul kitabi (1805–1882) [History of the Egyptians. The era of Muhammad Ali and the revival of Egypt in the 19th century (1805–1882)]*. Cairo: Dar al-maarif [in Arabic].
- 13 Omar, A.A. (2000). *Dirasat fi tarikh Misr al khadisi ua al muasiri (1517–1952) [Studies on modern and contemporary history of Egypt (1517–1952)]*. Alexandria: Dar al –maarif zhamia [in Arabic].
- 14 Solé, R. (1997). *L’Egypte: passion française*. Seuil.
- 15 Moskalets, O.V. (2021). Evoliutsiia sistemy prosveshcheniia i obrazovaniia v Egipte v kontekste sotsialno-politicheskikh preobrazovaniia: XIX–20-e gody XX v. [The evolution of the educational system in Egypt in the context of socio-political transformations: XIX — 20s of the XX century]. *Candidate’s thesis*. Moscow [in Russian].
- 16 Sebastiani, F.O.B. (1803). Donesenie konsulu Bonaparte polkovnika Sebastiani, byvshago v Egipte i Sirii [Report to Consul Bonaparte, Colonel Sebastiani, who was in Egypt and Syria.] (N. M. Karamzin, Trans.). *Vestnik Evropy — Bulletin of Europe*, 7 (4), 314–323 [in Russian].
- 17 Ozavci, O. (2021). *Dangerous Gifts. Imperialism, Security, and Civil Wars in the Levant, 1798–1864*. Oxford University Press. Retrieved from <https://library.oapen.org/bitstream/handle/20.500.12657/50696/9780198852964.pdf?sequence=1>
- 18 Mortimer-Murphy, K. (2020). *French and British Policy and Culture in Egypt 1798–1841: The Reign of Muhammad Ali and the Eastern Crisis. Doctor’s thesis*. Flinders University. Retrieved from [https://flex.flinders.edu.au/file/93e0a4c4-29ea-4102-9ca6-bcd7680915be/1/Mortimer-Murphy2020\\_LibraryCopy.pdf](https://flex.flinders.edu.au/file/93e0a4c4-29ea-4102-9ca6-bcd7680915be/1/Mortimer-Murphy2020_LibraryCopy.pdf)
- 19 Bayoumi, A (2005). *Occidentalism in Late Nineteenth Century Egypt [Master’s thesis, Duquesne University]*. Electronic theses and dissertations. Retrieved from <https://dsc.duq.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1027&context=etd>
- 20 Rivlin, Helen Anne B. (1961). *The Agricultural Policy of Muhammad Ali in Egypt*. Harvard University Press. Retrieved from <https://archive.org/details/agriculturalpoli00rivl/page/n1/mode/2up>
- 21 Pikul, V. (1989). *Etiudy o bylom [Sketches about the past]*. Moscow: Izdatelstvo DOSAAF [in Russian].

#### Авторлар туралы мәлімет

**Турекулова Жулдыз** — PhD д-ры, қауымдастырылған профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

**Жумабеков Мадияр** — т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0009-3551-3096>

**Таукебаева Эльмира** — PhD д-ры, қауымдастырылған профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-2372-8147>

#### Information about the authors

**Turekulova Zhuldyz** — PhD, Associate professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

**Zhumabekov Madiyar** — Candidate of historical sciences, Associate professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

**Taukebaeva Elmira** — PhD, Associate professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

Н.Ж. Тұрмахан<sup>ID\*</sup>, Д.С. Байгунаков<sup>ID</sup>

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*  
(E-mail: [nurdau\\_99\\_99@mail.ru](mailto:nurdau_99_99@mail.ru); [dosbol\\_bs@mail.ru](mailto:dosbol_bs@mail.ru))

## Батыс Қазақстан ерте сармат мәдениеті қалыптасуының кейбір мәселелері

Мақала Батыс Қазақстан аумағындағы ерте сармат мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына арналған. Қазіргі уақытта деректік база айтарлықтай өсіп, бұл кезеңді жаңа деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді. Авторлар мақалада мәдениеттің қалыптасуы және кезеңнен кезеңге өту процесіндегі сабақтастық мәселелерін талдауға байланысты мәселелерді қарастыруға баса назар аударған. Жаңа деректер негізінде, ерте сармат мәдениетінің қалыптасу кезеңі б.д.д. VI-IV ғасырларға жатқызылады. Соңғы жылдары сармат мәдениеті мәселесіне қатысты жұмыстардың көлемі артып, жүйелі сипат алды. Мақала аясында ерте сармат мәдениеті қалыптасуы мен дамуы туралы зерттеушілердің негізгі көзқарастарын қарастыру ұсынылады.

*Кілт сөздер:* сарматтар, Батыс Қазақстан, ерте сармат мәдениеті, қалыптасуы, жерлеу кешені, зерттелу тарихы, мерзімделуі, ерте көшпелілер мәдениеті, ерте темір дәуірі, археология.

### *Kipicne*

Ерте сармат мәдениетін ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстары 150 жылдай уақытты қамтиды. Бұл тақырып бойынша осы кезге дейін археологиялық мәліметтердің ауқымды деректемелік қоры жинақталды. Археология тарихнамасында сармат мәдениеттері мен мәдени ошақтарына, хронологиясы мен мерзімделуіне, т.б. түйінді сауалдарына қатысты алуан түрлі тұжырымдамалар жасалып, тың көзқарастар мен пайымдаулар ұсынылды, көптеген мәселелер шешімін тапты. Алайда, ерте сармат мәдениетінің қалыптасып дамуына байланысты бірқатар түйіні түйіткіл мәселелер де кездеседі. Солардың бірі — ерте сармат мәдениетінің қалыптасуы мен даму мәселесі. Оның басталуы немесе алғашқы кезеңі негізінде Еуразия даласының солтүстік-батыс аумақтарындағы археологиялық ескерткіштері аясында қарастырылады.

Ең бірінші қазба жұмыстарын жүргізу XIX ғасыр соңғы ширегінде И.А. Кастанье, А.А. Аниховский, П.Д. Нефедов және тағы басқа зерттеушілер есімімен байланысты. Мысалы, И.А. Кастанье ерте сармат кезеңіне жататын Жаман-Қарғалы, Жаксы-Қарғалы және Бисоба қорымдары бойынша алғашқылардың бірі болып мәліметтер қалдырды [1]. Ресми түрде бұл ізденістерді сарматтанудағы алғашқы далалық зерттеулер ретінде бағалаған абзал. Кейінірек XX ғасыр басында Б.Н. Граков Мұғалжар мен Хромтау аудандарында ерте темір дәуірі кезеңіне жатқызылатын 4 обада қазба жұмыстарын жүргізді [2; 55-56]. Ал П.С. Рыков 1925-1927 жылдары Орал өзені оң жағалауында бірнеше обаларда қазба жұмыстарын ұйымдастырды [3]. Осылайша, сармат мәдениетіне қатысты алғашқы археологиялық мәліметтер жинақталып, зерттеудің жаңа бағыттары айқындалды. Аталған ізденістердің барлығы сарматтанудың негізін қалады.

XX ғасыр бірінші ширегінен бастап жүргізілген далалық ізденістерде ғылыми сипат мейлінше басым болды. Бұл бағыттағы ізденістерді М.И. Ростовцев және Б.Н. Граков, К.Ф. Смирнов, т.б. мамандар жүргізе алды. Есімдері аталып отырған зерттеушілер археологиялық мәліметтер негізінде татымды қорытындылар жасап, мәселеге кешенді түрде келгендігі аңғарылады. Дегенмен де далалық материалдардың көбеюі, XX ғасыр соңғы ширегінен бастап өлкелік зерттеулердің дамуы нәтижесінде жекелеген сауалдар бойынша бірқатар қарама-қайшы тұжырымдамалар қалыптасты.

Тәуелсіздік жылдарынан бастап археологиялық мәлімет қорының ұлғаюы, бұл мәселені зерттеушілер арасында жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта, деректемелік қор мен мәлімет көзінің артуы барысында кейбір сауалдарға қатысты жаңа көзқарастардың орныққандығы байқалады. Мұндай материалдар ерте сармат мәдениеті қалыптасып дамуындағы мәселелерді қайта қарауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты мақалада сармат мәдениетінің алғашқы б.д.д. VI-IV ғасырлар аралығында дамуындағы негізгі ғалымдардың тұжырымдамалары мен көзқарастары жан-жақты қарастырылды. Мұның өзі зерттеудің негізгі мақсатын ерте сармат

\* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: [nurdau\\_99\\_99@mail.ru](mailto:nurdau_99_99@mail.ru)

мәдениетіне қатысты зерттеушілердің теориялары мен гипотезаларын талдау, ретроспективті түрде мәдениеттің қалыптасып дамуын жалпылау мен жүйелеу деп белгілеп беріп отыр.

### *Зерттеу әдістері*

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында дәстүрлі археология, тарихнама және деректану ғылым салаларында қолданылатын әдіс-тәсілдер мен принциптерге, сонымен қатар өркениеттілік секілді ұстанымдарға ден қойылды. Сонымен қатар, көптеген авторлар ерте сармат мәдениеті теориялық жақтары ғылыми тұрғыда дискуссиялық сипатта қалып, толық шешімін таппағандығын көрсетеді. Осыған орай жұмысты жазу барысында жалпы ғылыми зерттеу әдістері: анализ, синтез, жүйелеу мен тарихи әдістер қолданылды. Нақтырақ келетін болсақ:

- анализ әдісі негізінде археологиялық ескерткіштерді ашу мен зерттеушілердің қорытындыларын қарастыруға мүмкіндік берді;

- ерте сармат мәдениетінің жалпы заңдылықтары мен нәтижелерін жалпылауда, зерттеушілер тұжырымдары мен қорытындыларын, қол жеткізген нәтижелері синтез әдісі арқылы анықталды;

- проблемалық хронологиялық әдіс ерте сармат мәдениеті қалыптасып дамуын ашып көрсету үшін, қарама-қайшы шешілмеген мәселесін нақтылау үшін қолданылды. Бұлардан өзге тарих ғылым салаларында қолданылатын бірқатар зерттеу әдістері (салыстырмалы-тарихи талдау, ретроспективті талдау, индукция, т.б.) ішінара пайдаланылды. Жұмыстың әдіснамалық негізін тарихилық пен шынайылық принциптері құрайды. Теориялық жағына ерте сармат мәдениетіне арналған зерттеушілердің тұжырымдамалары жатқызылады.

Сондай-ақ көтерілген тақырыпты қарастыру барысында отандық және шетелдік ғалымдардың сармат мәселесіне байланысты ғылыми монографиялары, диссертациялық жұмыстары мен мақалалары негізге алынды. Өз кезегінде дереккөздерін екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, зерттеу нысанына байланысты жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижелері. Ал екіншісіне, сармат мәдениеті мәселесіне арналған арнайы басылымдар. Осы мағлұматтар негізінде ерте сармат мәдениетін зерттеуге қатысты бірқатар теориялық-методологиялық негіздер мен концептуалдық ойлар, әдістемелік мәліметтер қарастырылды. Бұл бағыттағы алғашқы еңбектер И.А. Кастаньенің зерттеу жұмысымен тікелей байланысты болып келеді. Себебі ең бірінші археологиялық қазба жұмыстары нәтижелері мен сармат мәдениеті мәселесі қозғалған болатын [1]. Зерттеуші өз заманындағы ғылыми-зерттеу әдістерімен шектелген еді. Сонымен қатар К.Ф. Смирновтың 1964 жылы жарық көрген «Савроматы. Ранняя история и культура сарматов» атты еңбегінде, алғашқы сармат мәдениетіне жатқызыталын археологиялық ескерткіштерді жүйеленген болатын [2]. Кейінгі зерттеу жұмысында жаңа археологиялық мәліметтермен жұмыс жасап, савромат-сармат мәдениеті көп компонентті өзгерістерді өткізгендігін айқындады [4]. Оның еңбегі кеңестік тарих ғылымындағы әдіснамаға негізделген еді. Тәуелсіздік жылдарында бірқатар ғалымдар (Гуцалов, т.б.) заманауи және пәнаралық әдістерге негізделген ғылыми еңбектер жариялады. Міне, осы тақілеттес іргелі еңбектерді қарастыру барысында жоғарыда айтылған ғалымдардың концептуалдық ойларына тарихнамалық жүйелеу жүргізілгендігін де айта кеткен жөн.

Нәтижесінде, сармат мәселесін көтерген деректемелерге жоғарыда аталған ғылыми әдістер, тәсілдер, принциптер мен ұстанымдар қолданылып, солардың негізінде тарихнамалық шолу жүргізуге мүмкіндік жасалды, жалпылау әдісі арқылы бір негізге келтіріліп, мәселенің жалпы сұлбасы жасалынды.

### *Нәтижелері*

Оңтүстік Орал маңы ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасып дамуында негізгі орталығы болған мекен ретінде өткен ғасырлардан бері археология тарихнамасында белгілі еді. Мұнда ілкі замандардан бері көптеген тайпалар мен халықтардың миграциялық жолы өтті, алуан түрлі тоғысулар орын алды. Бүгінгі археологиялық зерттеулердің қорытындысында бағзы заманнан бастап тұрғындардың бұл мекенде көптеген ғасырлар бойы тұрақтағанын білеміз [5]. Ерте уақыттағы сармат мәдениетінің қалыптасуында б.д.д. VI-IV ғасырлар аралығында бұл мекенде күрделі мәдени ошақтардың тоғысуы, күрделі тарихи үдерістердің орын алғандығы байқалады. Осы уақыт сармат тайпалары археологиялық мәдениетінің қалыптасуындағы алғашқы кезеңі болғандықтан, оның құрылымындағы археологиялық ескерткіштерден құрылыстық ерекшеліктер немесе өзіне тән өзгешеліктер кешені кездеседі.

Мамандар тарапынан зерттелінген ерте сармат уақытына Танаберген II, Бесоба, Тақсай 1, Покровка 2, Филлиповка және т.б. қорымдары кіреді. Жүздеген обалар бойынша қарастыратын болсақ, бұлардағы негізгі жерлеу ғұрыптарында жанама қабірлер жатады. Саны жағынан олар басқа жерлеу құрылыстарына қарағанда біршама көптеп кездеседі. Әсіресе бұл жанама қабірлер б.д.д. VI ғасыр ортасынан бастап б.д.д. V ғасыр аралығында басым болғандығын зерттеушілер де айтып кеткен. Сыртқы пішініне қарағанда жанама қабірлер тар, тік бұрышты. Әсіресе Танаберген II, т.б. қорымдарда мұндай құрылыстық орындар нақты әрі айқын байқалады. Танаберген II қорымында № 14 обада салт атты қалпында жерленген адам қаңқасы анықталған. Мұндай жерлеу ғұрпы басқа археологиялық нысандарда өте сирек кездеседі [5; 96]. Осыған орай қабірдің мұндай өзіндік бірегейлігі мен ерекшелігін ескере келе ерте сармат кезеңіне тән негізгі белгілер қатарына жатқызған да дұрыс сияқты.

Ал келесі бір ерекше дүние конструкциялық қабір шұңқырындағы ерекшелікпен байланысты болып келеді. Көбіне қабір шұңқырының құрылысында ағаштан жасалынған конструкциялар әртүрлі қалыпта қолданылған. Мысалы, Бесоба қорымында дромостары бар бөрене-бағаналы құрылым № 9 обадан кездескен [6]. Ал Тақсай-1 қорымында № 6 обадан жерлеу орыны деңгейінде жанып кеткен қабір үсті ағаш конструкциясы жасалынған. Мұндай жерлеу ғұрыпындағы ағаш конструкциясын қолдану көбіне Арал маңы сақтарына тән болып келеді. Дәл осындай құрылыстар б.д.д. VIII-IV ғасырлар аралығында Сырдың төменгі ағысындағы Ұйғарақ, Түгіскен және т.б. қорымдарында кездеседі [7]. Мұның өзі Сырдың төменгі ағысындағы сақтардың бір бөлігі ерте сармат мәдениетінің қалыптасуына азды-кемді ықпалын тигізетіндігін аңғартса керек. Келешектегі ізденістерде Сыр өңірі сақтары мен Батыс Қазақстандағы савроматтар, ерте сарматтық кешендер арасындағы байланыстар тарихи-генетикалық ізденістер негізінде қаузалғаны дұрыс деген ойдамыз.

Негізінен алғанда, Батыс Қазақстандағы аймақтарда орналасқан жерлеу ғұрыптарында б.д.д. V ғасырдан бастап өзгерістер байқала бастайды. Бұл уақытта негізгі қабір үстіне жасалған жерлеу орыны жиі қолданылып, жанама қабірлердің де саны арта түскен. Сонымен қатар адам қаңқасын оңтүстікке қарай бағыттап жерлеу кең қанат жайған. Ал топырақ қабірі мен жанама-катакомбалы қабірлер б.д.д. V-IV ғасырлар аралығында жиірек ұшырасады [5; 98]. Сондай-ақ бұл кезең ерекше антроморфты тас мүсіндердің кездесуімен де ерекшеленеді. Кезінде зерттеушілер тарапынан далалық ізденістер жүргізілген Покровка 2 қорымындағы № 23 обадан екі антроморфты тас мүсіні анықталған болатын [5; 104]. Мүсіндік тастың жоғарғы жағында конус пішінді қалыпта қару-жарақ орны анықталған. Тас мүсіндер жайында С.Н. Ляшко мен М.И. Фридман зерттеулер жүргізіп, скифологияда қалыптасқан әдістемелерге сай оларды скифтік антроморфты мүсіндер негізінде екі топқа бөліп қарастырған. Бірінші топтағылар обаның жоғарғы жағында орналасып, жерленген адаммен туыстық байланысын көрсетеді. Екінші топта ғұрыптық нанымға байланысты қолданылады. Покровка 2 қабіріндегі тас мүсіні осы екінші топқа жатқызылады [8]. Десе де келешекте мұндай ғылыми жіктеуге жаңа материалдар негізінде өзгерістер енгізілуі ықтимал екендігін жоққа шығара алмаймыз.

Келесі ерте сармат мәдениетінің қалыптасып даму заңдылықтарына тән ерекшеліктер кешенін атақты Филлиповка қорымынан көре аламыз. Бұл қорымда оңтүстік бағытқа қарата жерлеу орындары анықталған, ал жанама шұңқырлардың саны арта түскен. Қабірге қойылған заттар кешенінен алғашқы өтпелі кезеңдегі қылыштардың пайда болуын байқалады. Сонымен қатар, ағаштан тұрғызылған құрылыстар кешенінен дромостар анықталған. Осындай бағыттағы негізгі археологиялық мәліметтердің көптеп анықталуы, аталып отырған қорымның негізінде алғашқы сармат мәдениетінің қалыптасу заңдылықтары орын алғандығын аңғартады [9]. Сонымен қатар бұл кешендер қорымда скиф-сарматтық дәстүрлердің сақталғанын көрсетеді. Филлиповка қорымы жоғарыда аталған зираттарға қарағанда мейлінше көбірек мағлұмат беретін бірегей кешен ретінде біздің тарапымыздан бағаланып отыр. Оның негізгі материалдары, құрылыстық-ғұрыптық кешендері ерте сармат мәдениетінің қалыптасуын кеңінен айғақтай алады.

Осылайша, жоғарыда аталып өтілген ескерткіштерден ерте сармат мәдениетінің көп құрауышты (компонентті) даму жолын байқаймыз. Яғни, ерте сарматтық мәдени кешендер Батыс қазақстандық, аралдық және өзге де іргелес аймақтардағы ерте темір дәуіріндегі қауымдармен этномәдени және тарихи-генетикалық байланыста болғандығы аңғарылады. Тіпті жергілікті тұрғындардың мәдени элементтерінен бөлек скифтер мен сақ тайпаларының Оңтүстік Орал аумағындағы ерте көшпелілерге әсері болып, ерте сармат мәдениетінің қалыптасып дамуында алдыңғы орынды алған деуге де болады. Негізгі байланыстар жерлеу ғұрпы мен заттай мәдениеті арқылы дараланып отыр. Көбіне

ерте сармат мәдениетінің алғашқы кезеңі алдыңғы уақыттардағы дайын күйінде қалыптасқан кешендермен тығыз байланысты болып келеді.

### *Талқылау*

Айта кету керек, алғашқы рет ерте сармат мәдениетінің қалыптасып дамуын М.И. Ростовцев қарастырған болатын. Ол Оңтүстік Орал маңындағы археологиялық мәліметтерді негізге ала отырып, Орталық Азия аумағындағы ежелгі ирандықтардың әсерінен алғашқы ерте сармат мәдениетіне жатқызылатын мәдени ошақтар пайда болғандығын атап өткен еді. Мұндай қорытынды тек бірнеше обалардан анықталған мәліметтер аясында жасалғандықтан, келесі уақыттарда қайта қарастырылды [10]. Сөйтіп, сарматтар көне ирандықтарға тиесілі туралы дүдәмал концептуалдық пікір археология тарихнамасында қалыптасты.

Келесі кезекте Б.Н. Граковтың 1947 жылы жарық көрген мақаласын атап кетуге болады. Ол бұрынғы зерттеулер негізінде ерте сармат мәдениетінің қалыптасып дамуына байланысты хронологиялық шеңбер жасап, сол кездегі ғылыми ортаға тың пайымдарын ұсынды. Ғалым өзі құрастырған хронологиялық шеңберін төрт кезеңге бөліп қарастырды да, аталмыш кезеңдерде әртүрлі археологиялық мәдениеттердің болғандығын дәйектеп өтті. Олар: 1. савромат немесе блоуменфельд мәдениеті (б.д.д. VI-IV ғасырлар); 2. савромат-сармат немесе прохоров мәдениеті (б.д.д. IV-II ғасырлар); 3. сармат немесе сулов мәдениеті (б.д.д. II ғасыр аяғы — б.д. II ғасыр); 4. алан немесе шипов мәдениеті (б.д. II-IV ғасырлар) [11; 100-115]. Археолог Б.Н. Граковтың бұл пайымдары сарматтық мәдениет ошақтарын жүйелеп, олардың даму сатыларын біршама айқындауға мол септігін тигізді. Оның пікірлері сол кезеңдегі археологиялық ізденістер аясында шектелгенімен, біздің тарапымыздан өз заманының озық ғылыми пікірлері ретінде бағаланады. Ғалымның хронологиясы азды-кемді өзгерістермен әлі күнге дейін отандық археология тарихнамасында кеңінен қолданылап келеді [12; 208-216].

Бұл көзқарас әрі қарай К.Ф. Смирновтың еңбектерінде жалғасын тапты. Алғашында зерттеуші бұл кезеңде екі бірдей тайпаның бір мәдениетте болып, жергілікті қола кезеңіндегі тұрғындармен генетикалық байланыста екендігін тілге тиек етті. Бұл орайда ерте көшпелілердің мәдениетінің қалыптасып дамуында қола кезеңіндегі андронов мәдениеті негізгі орын алған деген қорытындыға келді [2; 286]. Оның пікірінше андроновтық құрауыш көптеген мәдениеттерден байқалып тұрады. Ғалымның көзқарасы бойынша б.д.д. V ғасырдан бастап жаңа ерте сармат мәдениетінің белгілері қалыптаса бастады да, б.д.д. IV ғасырда шарықтау шегіне жетті. Негізгі қалыптасу орталығы ретінде Елек өзені бойында орналасқан ерте көшпелілердің топтары шешуші орынды алған. Ол бұл жердегі жанама-катакомбалы жерлеу ғұрыптары мен оңтүстікке қарай бағыттап жерлеу рәсіміне ерекше назар аударып, бұл белгілерді жеке дара бөліп көрсеткен еді. Сонымен қатар, Елек тобындағы сарматтардың қалыптасуында жергілікті савроматтармен қатар, Оралдың арғы жағы мен Арал маңы көшпелілердің ықпалы болуы мүмкін деген қорытындыға келді [5; 173]. Өз кезегінде К.Ф. Смирнов археологиялық материалдар негізінде іргелес тарихи-мәдени аудандардағы мәдени ерекшеліктерді көре білді, олардың Елек өңіріндегі әсері мен ықпалын жүйелеуге талпынды. Зерттеуші өз ізденістерінде этномәдени үдерістер мен миграциялық үрдістерге кеңінен назар аударуға ұмтылған еді.

Одан кейін ерте уақыттағы сармат тайпалары мәдениетінің қалыптасып дамуы М.Г. Мошкова еңбектерінде көтерілді. Ол К.Ф. Смирновтың гипотезасын толыққанды қолдап, Арал маңы тұрғындары ерте сармат мәдениеті қалыптасуына қатысуы мүмкін деген қорытынды жасады [13; 37-46]. Шындығына келгенде зерттеуші тарапынан табылған археологиялық артефактілер, жерлеу орындары мен басқа да материалдар бұл тұжырымдаманың орынды екендігін нақты дәлелдей түскен болатын.

XX ғасыр 60-70 жылдары Б.Ф. Железчиков ерте сармат кезеңіне тән археологиялық мәліметтерді жинап, бірнеше жерлеу орындарына ғылыми талдау жасады. Зерттеуші өз ізденістерінде табиғи-климаттық жағдайларға баса назар аударды да, өзі ұсынған «экологиялық импульс» деген идеясы негізінде Оңтүстік Орал маңы тұрғындары экологиялық жағынан қолайлы аумақтарға көшуі мүмкін екенін атап өтті. Ең бірінші кезекте бұл Аралдың солтүстік-батыс аудандарына көшіп, жергілікті тұрғындармен мәдени араласуы нәтижесінде жаңа мәдениеттің қалыптасып дамығандығын көрсетті. Осының негізінде Б.Ф. Железчиков ерте уақыттарда Арал маңы тұрғындарының материалдық мәдениеті Оңтүстік Орал аумағымен тығыз байланыста болғандығын айтады [14; 59-60]. Ғалымның этномәдени байланыстарға назар аударуын құптай отырып, біз оны соны пікірлер білдіргендігін айта

кеткіміз келеді. Алайда кейінгі еңбектерінде зерттеуші өзінің көзқарасын өзгертіп, Оңтүстік Орал маңы аумағында жеке мәдениеттің қалыптасқандығы жайында мүлдем басқаша қорытынды жасады. Сонымен қатар, К.Ф. Смирнов ұсынған қола дәуір кезеңімен жалғасып кетуін қолдамады [15]. Біздің пікірімізше, жеке мәдениеттің қалыптасуын соңғы ізденістерінде Б.Ф. Железчиков нақты дәйектеп бере қоймады. Оның пайымындағы жаңа мәдениеттің қалыптасуы, оған әсер еткен факторлар, мәдениет ұйытқысы болған этномәдени бірлестіктер жайлы татымды ойлар фактологиялық материалдар негізінде өрбітіле қойған жоқ.

Ерте сармат кезеңі мәдениетінің қалыптасып дамуы А.Х. Пшеничнюк атты ғалымның да зерттеулерінде көтерілді. Ол ерте сармат мәдениетінің қалыптасуы б.д.д. IV ғасыр емес, керісінше б.д.д. V ғасыр, бәлкім б.д.д. VI ғасыр аяғынан басталуы мүмкін деген басқа авторлардан өзгеше әрі тың идеяны ұсынды. Сонымен қатар А.Х. Пшеничнюк Оңтүстік Орал маңында савроматтар мен ерте сармат мәдениетін толыққанды бір мәдениет ретінде қарастыру қажет деген ой айтты [16]. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде савроматтар мен сарматтардың өзара ерте кездегі тарихи-генетикалық байланысы туралы тұжырымдама толығымен қалыптаса түсті.

Ерте сармат уақыты мен кезеңін қарастыру мәселесі А.Д. Таиров және А.Г. Гаврилюк жұмыстарында жалғасын тапты. Бұл зерттеушілердің пікірінше б.д.д. VI-II ғасырлар аралығында Оңтүстік Орал мен Батыс Қазақстан аумағында толыққанды бір археологиялық мәдениет болған. Олар өздерінің ұсынған гипотезасын археологиялық материалдар, соның ішінде қорғанды қорымдар құрылыстары мен бірқатар артефактілер негізінде дәйектеуге тырысты. Сонымен қатар олар ерте сармат кезеңіндегі мәдениеттің қалыптасуына Арал маңы сақтарынан бөлек, Солтүстік Қара теңіз және Солтүстік Кавказдан келген скифтердің де қатысу мүмкіндігін атап өтті [17; 150-159]. Былайша айтқанда, зерттеушілер ерте сармат тайпалары мәдениетінің қалыптасуына үлес қосқан этномәдени бірлестіктер ареалын кеңейтіп, этнос құраушы құрауыштардың үлес салмағын одан ары ұлғайтқан болатын.

Өз кезегінде археолог С.Ю. Гуцалов жоғарыда атап өткен зерттеушілердің ойын қолдап, ерте сармат мәдениетінің б.д.д. VI ғасыр ортасынан бастау алып, дайын күйінде келген деген тұжырым жасады. Ол бірінші кезекте, Оңтүстік Орал маңы тұрғындарына Қара теңіз аумағындағы скифтердің келуі шешуші орынды алды деп қорытындылады [5; 115-117]. Ғалымның айтуы бойынша скифтер Батыс Қазақстан аумағынан бастап Днепр өзенінің орта жағына дейінгі аралықта орналасып, ерте сармат мәдениетінің қалыптасуына өзіндік әсерін тигізген. Скифтердің келуін ғалым Батыс Қазақстан далалық аумақтарында темір өндіретін үлкен қорлармен байланыстырады. Әсіресе оның пікірінше түсті металлдардың көптеп болуы жергілікті жердегі өндірістің дамуына алып келген. Түсті металлдар мен сауда қатынасын өздерінің бақылауына скифтер Батыс Қазақстан аумағына келгеннен кейін алған [18; 84].

Айта кететін бір жайт, Л.Т. Яблонский мен А.Х. Пшеничнюк Филлиповка қорымындағы жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде бұл мәселе бойынша айтарлықтай жетістікке жетті. Бұл қорымдағы нәтижелер бойынша ескерткіш мерзімделуі савроматтық кезеңнен бастау алып ерте сармат мәдениетіне дейінгі аралықты қамтыған. Егер А.Х. Пшеничнюк ерте сармат кезеңінің қалыптасуын б.д.д. VI ғасыр деп мерзімдесе, өз кезегінде Л.Т. Яблонский импорттық заттарға талдау жасауы нәтижесінде б.д.д. V-IV ғасырлармен мерзімдеді. Зерттеуші бұл кезеңге жататын бірнеше ескерткіштерді Еділ-Дон өзендері мен Үстірт жақтардан да кездестіргендігін айтады. Осының нәтижесінде ғалым тарихи дамуды мәдени-хронологиялық көкжиектерге бөлуді ұсынды. Олар: 1. «А» фазасы: б.д.д. VI ғасыр екінші жартысы — б.д.д. V ғасыр ортасы; 2. «В» фазасы: б.д.д. V ғасыр ортасы — б.д.д. IV ғасыр үшінші ширегі; 3. «С» фазасы: б.д.д. IV ғасыр үшінші ширегі — б.д.д. III ғасыр. Сөйтіп, зерттеуші жоғарыда аталып өткен мерзімдеулер үшін жалпылама түрде алғанда мәдени-тарихи қауымдастық не болмаса мәдени-хронологиялық көкжиек деген атауларды ұсынды. Оның ойынша, ең бірінші мәдени-тарихи қауымдастық тұрғысынан, ерте темір дәуірі материалдық және рухани мәдениет бір хронологиялық шеңбер уақытында, географиялық аумаққа қатысты қолданылатын ұғым. Ал келесі мәдени-хронологиялық көкжиек ұғымы болса, бұл географиялық шекарасы жоқ аймақтарда таралған материалдық және рухани мәдениеттер негізінде жіктелген тарихи ұғым. Кез келген мерзімдемелерде анықталған ескерткіштердің бір-бірімен ұқсастығын, бір үлкен мәдени көкжиектің ішінде қарастыру бойынша ғана нақты қорытынды жасауға болады деген ойын да жасырмады. Өз ойларын Л.Т. Яблонский антропологиялық мәліметтер негізінде де нақтылауға тырысты. Мысалы, палеоантропологиялық мәліметтер аясында зерттеуші қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өтуімен, ерте сармат мәдениетінің



құрылуын негізсіз деп санады. Оның пікірінше: б.д.д. IV-II ғасыр ерте сармат мәдениеті жаңғырған кезі, ал қалыптасуы күрделі миграциялық процестер шеңберінде қалыптасып, дамыды [19; 59-64]. Зерттеушінің өз пікірлерін археологиялық ғана емес, сонымен қатар антропологиялық мәліметтер негізінде дәйектеуін құптарлық іс деуге болады.

Ал кейіннен археолог Я.А. Лукпанова да жоғарыда аталған кейбір авторларды қолдап Арал маңы сақтары мен Оңтүстік Орал маңы тұрғындары арасында мәдени байланыс болғандығын атап өтті. Зерттеушінің сөзі бойынша Орал маңы тұрғындарының элиталық тобы Арал маңына қоныстанып, нәтижесінде Оңтүстік Орал маңына мәдени бөліктерін алып келген. Бұл ең алдымен жерлеу ғұрыпында көрініс тапқан. Осының негізінде б.д.д. VI ғасыр ортасы мен б.д.д. V ғасыр басы аралығына жататын кезеңдегі сақтардың мәдени компоненттері осындағы жерлеу ғұрыптары мен инвентарларында кездескен [20; 142-143]. Расында да мұндай фактілер екі аймақтағы тайпалардың өзара байланысын, туыстығын, тығыз-мәдени-тарихи қатынасын нақты аңғартады. Дегенмен әлі де болса ерте сарматтар мәдени ошақтарын айқындау ісі әлі де өз жалғасын табуы тиіс деген ойдамыз.

#### *Қорытынды*

Сайып келгенде, Оңтүстік Орал маңы б.д.д. VI-IV ғасырлар аралығында күрделі ерте сармат мәдениетінің қалыптасуында алғашқы кезеңді құрады деуге болады. Сармат мәдениетінің қайнар-бастаулары тарихнамалық шолуға қарағанда дәл осы мерзіммен үндеседі. Оған алыс-жақын әрі іргелес өңірлердің белгілі бір этникалық қауымдары белсене араласты. Келешектегі ізденістерде олардың пайыздық үлес салмағын айқындау қажеттілігі де туындап отыр.

